

Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігі төрағасының 2025 жылғы 28 қарашадағы № 75 - н/қ. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 1 желтоқсанда № 37512 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 05.11.2025 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 179-бабы 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) бекітілсін.

2. Мыналар:

1) Қағидалардың 4-тармағының 23) және 25) тармақшалары, сондай-ақ 88-тармақтың 9) тармақшасы 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады;

2) Қағидалардың 4-тармағының 16) және 24) тармақшалары 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады;

3) 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қағидалардың 6-тармағының бесінші және алтыншы бөліктері мынадай редакцияда қолданылады:

"Егер сатып алынатын тауар бойынша ҚТӨ тізілімінде екі немесе одан да көп тауар өндіруші болса, тапсырыс беруші көрсетілген тауар өндірушілер арасында ашық конкурс немесе бағаны төмендетуге арналған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) тәсілімен сатып алу жүргізеді.

Егер ҚТӨ тізілімінде сатып алынатын тауардың бір ғана өндірушісі болса, сатып алу осы тауар өндірушіден бір көзден алу тәсілімен осы Қағидалардың 88-тармағының 10) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.";

4) 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қағидалардың 46-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда қолданылады:

"1) тапсырыс беруші сатып алатын тауардың өндірушісі ашық конкурсқа өтінім берген кезде – қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірме;"

5) 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қағидалардың 88-тармағының 10) тармақшасы мынадай редакцияда қолданылады:

"10) ҚТӨ тізілімінде сатып алынатын тауардың жалғыз өндірушісінің болуы және оның өндіретін тауары тапсырыс беруші белгілеген техникалық сипаттамаларға сәйкес келуі;"

6) 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қағидалардың 128-тармағы мынадай редакцияда қолданылады:

"128. Тапсырыс беруші тауар өндірушімен шарт жасасқан кезде шартта жеткізушінің қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірме ұсыну шарты көзделуі мүмкін.

Бұл ретте қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен берілетін сертификат немесе үзінді көшірме шарт бойынша жеткізілетін тауар көлемінен кем болмауы тиіс.

Тапсырыс беруші қазақстандық жұмыстар мен қызметтер өндірушімен жұмыстарды немесе қызметтерді сатып алу шартын жасасқан кезде шартта жеткізушінің сатып алынған ТЖҚ және олардың ішкі елдік құндылығы туралы есепті ұсыну талабы көзделеді." деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің Атом өнеркәсібі және жер қойнауын пайдалану департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігі төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2025 жылғы 5 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының

Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің төрағасы

А. Саткалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары (бұдан әрі-Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 179-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін айқындайды.

Осы Қағидалар Кодекстің 277-бабының 3-тармағына сәйкес Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін берілген және жасалған рұқсаттар, лицензиялар және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша қатынастарға да қолданылады.

2. Уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі – ТЖКҚ) сатып алу рәсімдері Қазақстан Республикасының аумағында жүргізіледі.

3. Осы Қағидалар мыналарға қолданылмайды:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес ТЖКҚ сатып алатын жер қойнауын пайдаланушыларға;

2) дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаларға;

3) Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес табиғи монополиялар субъектісі ретіндегі қызмет шеңберінде ТЖКҚ сатып алатын жер қойнауын пайдаланушыларға.

4. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуетті жеткізуші - ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);

2) әлеуетті жеткізушінің үлестес тұлғасы - шешімдерді айқындауға және (немесе) осы әлеуетті жеткізуші қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде жазбаша нысанда жасалған мәмілеге байланысты ықпал етуге құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ осы әлеуетті жеткізушінің өзіне қатысты осындай құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға;

3) біртекті ТЖКҚ - бірдей емес, ұқсас сипаттамалары бар және бірдей функцияларды орындауға және бір-бірін алмастыруға мүмкіндік беретін ұқсас компоненттерден тұратын ТЖКҚ;

4) жабдықтың істен шығу актісі - тапсырыс берушінің бірінші басшысы, сондай-ақ қауіпсіздік пен өндіріске жауапты бірінші басшының орынбасары қол қойған, жабдықтың, механизмдердің, агрегаттардың, шығыс материалдарының істен шығуын растайтын, істен шығуы өндірістік циклдің тоқтауына әкеп соғатын құжат;

5) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі (бұдан әрі – тізілім) - жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді және оларды өндірушілерді сатып алуды бақылау мен мониторингтеуге, сондай-ақ электрондық сатып алуды жүргізуге және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін қалыптастыруға арналған мемлекеттік ақпараттық жүйе;

6) жер қойнауын пайдаланушының (мердігердің) уәкілетті тұлғасы - жер қойнауын пайдаланушы (мердігер) атынан осы Қағидаларға сәйкес уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын ТЖКҚ сатып алуды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген жеке немесе заңды тұлға;

7) жеткізуші – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға, онымен жасалған ТЖКҚ сатып алу туралы Шартта тапсырыс берушінің контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);

8) жұмыстар - заттай нәтижесі бар қызмет, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыстарға жатқызылған өзге де қызмет;

9) жүйенің әкімшісі - жүйенің меншік иесі немесе иесі;

10) импорттық тауарды оқшаулау бағдарламасы - бұрын Қазақстан Республикасының аумағында өндірілмеген, тауарды сатып алу туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын тауарды оқшаулау жөніндегі егжей-тегжейлі қадамдарды, тәсілдер мен мерзімдерді сипаттайтын бағдарлама;

11) конкурстық комиссия - осы Қағидалардың 6-тармағының 1), 3) тармақшаларында белгіленген тәртіппен және тәсілдермен ТЖКҚ сатып алуды жүргізу рәсімін орындау үшін тапсырыс беруші құратын алқалы орган;

12) конкурстық құжаттама - конкурстық өтінімді дайындау үшін әлеуетті жеткізушіге ұсынылатын, ашық конкурсты және төмендетуге арналған ашық конкурсты (электрондық сауда-саттықты) өткізу шарттары қамтылған, Тапсырыс беруші бекіткен құжаттама;

13) көрсетілетін қызметтер - тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, заттай нәтижесі жоқ қызмет;

14) Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы - мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерде электрондық құжаттарды қалыптастыру үшін жеке немесе заңды тұлғаларға электрондық цифрлық қолтаңба құралдары мен тіркеу куәліктерін ұсынатын куәландырушы орталық;

15) Қазақстанда шығарылған тауар - Қазақстан Республикасында толық өндірілген тауар немесе өндіріс шарттарына сәйкес қайта өңделген тауар, оны өндіру кезінде өндірістік және технологиялық операциялардың ең төменгі шегі орындалады, ол туралы мәліметтер қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде қамтылады;

16) қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімі (бұдан әрі – ҚТӨ тізілімі) - қазақстандық тауар өндірушілер және олар өндіретін қазақстандық тауарлар туралы мәліметтерді қамтитын "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының объектісі;

Ескерту. 16) тармақша 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі – осы бұйрықтың 2-тармағымен.

17) қаржы жылы - Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес айқындалған уақыт кезеңі;

18) қосалқы мердігер - мердігермен (Тапсырыс берушімен) шарт бойынша жұмыстардың бір бөлігін орындайтын жеке немесе заңды тұлға;

19) құжаттың электрондық көшірмесі - түпнұсқа құжаттың түрі мен ақпаратын (деректерін) электрондық-цифрлық нысанда толық жаңғыртатын құжат;

20) мердігер – уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге байланысты жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау үшін жер қойнауын пайдаланушы немесе оның уәкілетті тұлғасы тартатын жеке немесе заңды тұлға, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);

21) сатып алу коды - осы Қағидалардың 6-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген тәсілдермен ТЖКҚ сатып алу туралы хабарландыруларды қалыптастыру кезінде немесе осы Қағидалардың 6-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тәсілмен ТЖКҚ сатып алу қорытындыларын шығару хаттамасын қалыптастыру кезінде тізілімде (жүйеде) қалыптастырылған код;

22) тапсырыс беруші – осы Қағидаларға сәйкес ТЖКҚ сатып алуды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы, мердігер, жер қойнауын пайдаланушының (мердігердің) уәкілетті тұлғасы;

23) тауар өндіруші - отандық өндірушілер тізілімінде тұрған тауар өндіретін әлеуетті жеткізу (жеткізу);

Ескерту. 23) тармақша 01.01.2026 дейін қолданылады – осы бұйрықтың 2-тармағымен.

24) қазақстандық тауар өндіруші (бұдан әрі – тауар өндіруші) – Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген кәсіпкерлік субъектісі;

Ескерту. 24) тармақша 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі – осы бұйрықтың 2-тармағымен.

25) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің тізілімі (бұдан әрі – ОТӨ тізілімі) - "Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 1-тармағына сәйкес Ұлттық палата төралқасы бекітетін тәртіппен ерікті негізде қалыптастырылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің тізбесі;

Ескерту. 25) тармақша 01.01.2026 дейін қолданылады – осы бұйрықтың 2-тармағымен.

26) ТЖКҚ сатып алу - осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және тәсілдермен жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын ТЖКҚ-ның меншікті қаражаты есебінен сатып алу;

27) ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың елеулі талаптары - Шарттың мәні, тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету мерзімдері мен орны және төлем тәртібі туралы талаптар;

28) толық аяқталған құрылыс - пайдалануға дайын объектіні салу, оны қамтамасыз ету және тапсырыс берушіге тапсыру;

29) уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі кешенді жұмыс - жобалық және (немесе) зерттеу жұмыстарын орындауды және (немесе) толық аяқталған құрылысты және (немесе) жобалық және зерттеу жұмыстарын, толық аяқталған құрылысты басқаруды қамтитын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жиынтығы және (немесе) осы жұмыстарға ілеспе тауарларды жеткізу, қызметтерді көрсету;

30) төмендетуге бағытталған қадам – төмендетуге ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) өткізу кезінде қолданылатын бағаны 1% - ға (бір пайызға) (бірақ 100 000 теңгеден артық емес) төмендету;

31) тізілім әкімшісі - қатты пайдалы қазбалар саласындағы уәкілетті орган;

32) шартты баға - қазақстандық тауар өндіруші немесе жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді қазақстандық өндіруші болып табылатын әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімінің баға ұсынысының жиырма пайызға шартты төмендеуін ескере отырып есептелген және ашық конкурстың, төмендетуге арналған

ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) жеңімпазын айқындау мақсатында конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру кезінде ғана пайдаланылатын баға;

33) электрондық сатып алу жүйесі (бұдан әрі – жүйе) – уран өндіру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібіне сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін сатып алуды ұйымдастырушылар (жер қойнауын пайдаланушы немесе жер қойнауын пайдаланушылар уәкілеттік берген адамдар) пайдаланатын электрондық ақпараттық жүйе.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

5. ТЖКҚ сатып алуға қатысатын әлеуетті жеткізушілер ұсынған бағаларды бағалау және салыстыру рәсімін жеңілдету үшін қолданылатын, әртүрлі валюталарда көрсетілген валюта Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бағаларды бағалау және салыстыру күніне белгілеген ресми бағам бойынша Қазақстан Республикасының валютасы - теңге.

6. Уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде, оның ішінде мердігерлердің ТЖКҚ сатып алуы мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

- 1) ашық конкурс;
- 2) бір көзден алу;
- 3) төмендетуге арналған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық);
- 4) тауар биржаларында;

5) ТЖКҚ Кодекстің 179-бабының 1-тармағының 1), 2), 3), 5) тармақшаларының нормаларын қолданбай сатып алу.

Қағиданың осы тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тәсілдермен ТЖКҚ сатып алу тапсырыс берушінің тізілімді (жүйені) міндетті түрде қолдануымен жүзеге асырылады.

Кодекстің 179 - бабы 1-тармағының алтыншы бөлігіне сәйкес тауарларды тауар биржалары арқылы сатып алу Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 142 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10587 болып тіркелген) бекітілген Биржалық тауарлардың тізбесі бойынша (бұдан әрі - Биржалық тауарлардың тізбесі) Қазақстан Республикасының Тауар биржалары туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Егер биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген тауарларды сатып алудың жылдық көлемі биржалық тауарлар тізбесінде көзделген партияның ең төменгі мөлшерінен аспаған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы тауарларды сатып алуды жүзеге асырудың өзге тәсілін таңдайды.

Тармақшалардың нормаларын қолданбай ТЖКҚ сатып алу 1), 2), 3), 5) Кодекстің 179-бабы 1-тармағы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес ТЖКҚ тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Сатып алынатын тауардың екі және одан да көп тауар өндірушілері ОТӨ тізілімінде болған кезде Тапсырыс беруші тауарларды сатып алынатын тауардың көрсетілген тауар өндірушілері арасында ашық конкурс, төмендетуге арналған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) тәсілімен сатып алуды жүзеге асырады.

ОТӨ тізілімінде сатып алынатын тауардың жалғыз тауар өндірушісі болған кезде сатып алу осы Қағидалардың 88-тармағының 10) тармақшасының негізінде осы тауар өндірушіден бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылады.

Осы тармақтың ережелері мыналарға қолданылмайды:

1) осы Қағидалардың 88-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 8), 9), 10), 11) және 12) тармақшаларына сәйкес ТЖКҚ бір көзден алу тәсілімен сатып алу;

2) Кодекстің 179-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) және 5) тармақшаларының нормаларын қолданбай ТЖКҚ сатып алу.

7. Уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын ТЖКҚ сатып алу мынадай қағидаттарды сақтай отырып жүзеге асырылады:

1) ТЖКҚ сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы;

2) әлеуетті жеткізушілер арасындағы адал бәсекелестік;

3) қазақстандық ТЖКҚ өндірушілерін қолдау;

4) теңдік, әділдік;

5) әлеуетті жеткізушілерге қатысты кемсітушіліктің және бәсекелестіктің негізсіз шектеулерінің болмауы.

8. Әлеуетті жеткізуші сот тәртібімен Тапсырыс берушінің іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасаған кезде ашық конкурстың, төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) қорытындыларын шығару хаттамасы орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жасасу мерзімі осындай шағымды қарау қорытындылары бойынша сот шешімі күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

Ашық конкурсқа, төмендетуге арналған ашық конкурсқа (электрондық сауда-саттыққа) қатыспаған тұлғаның Тапсырыс берушінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымдануы ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жасасу мерзімін тоқтатпайды.

9. ТЖКҚ сатып алу рәсімі мыналарды қамтиды:

1) ТЖКҚ сатып алуды жоспарлау;

2) әлеуетті жеткізушіні таңдау;

3) ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жасасу.

10. Әлеуетті жеткізушілер мен жеткізушілер үшін тізілім мен жүйені пайдалану өтеусіз.

Тапсырыс беруші мен әлеуетті жеткізушілер тізілімде (жүйеде) орналастыратын ақпарат құпия болып табылмайды.

Тізілім (жүйе) әкімшісі заңды және жеке тұлғаларға, оның ішінде уран өндіру саласындағы уәкілетті органға, конкурстық құжаттамаға, конкурстық өтінімдерге, конкурстық өтінімдерді қарау және ашық конкурстың, төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) қорытындыларын шығару хаттамаларына қарау режимінде қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Тізілім (жүйе) әкімшісі тізілім (жүйе) арқылы оларды тізілім (жүйе) ашқанға дейін ашық конкурстың немесе төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) әлеуетті жеткізушілері ұсынған баға ұсыныстарын қарауға қол жеткізе алмайды.

Тапсырыс беруші мен тізілім (жүйелер) әкімшісінің Тапсырыс беруші жүргізетін ТЖКҚ сатып алуға қатысу үшін әлеуетті жеткізушілер ұсынған құжаттарды алып тастауына және (немесе) өзгертуіне жол берілмейді.

11. Тізілім (жүйе) арқылы уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын ТЖКҚ-ны сатып алуға қатысу үшін, тіркеу куәліктерінің тіркеліміне Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығында алынған электрондық цифрлық қолтаңба енгізіледі, жеке және (немесе) заңды тұлға тізілімде (жүйеде) Тапсырыс беруші немесе әлеуетті жеткізуші ретінде тіркеледі, сондай-ақ тізілімде (жүйеде) ақпаратты қалыптастыруға және орналастыруға уәкілетті тұлғалар тіркеледі.

Бұл талап бір көзден алу тәсілімен ТЖКҚ сатып алу қорытындылары бойынша таңдалған әлеуетті жеткізушіге қолданылмайды.

Тапсырыс беруші өз шешімімен Тапсырыс берушінің атынан тізілімде (жүйеде) ақпаратты қалыптастыру және орналастыру бойынша осы Қағидаларда көзделген әрекеттерді жасайтын уәкілетті тұлғаны айқындайды.

12. Соттың банкрот деп тану туралы шешімдері заңды күшіне енген әлеуетті жеткізушілер, консорциумға қатысушылар ашық конкурсқа, төмендетуге арналған ашық конкурсқа (электрондық сауда-саттыққа) қатыспайды.

13. ТЖКҚ-ны сатып алудың жылдық бағдарламасы жер қойнауын пайдаланушының бюджеттері негізінде әзірленеді, ТЖКҚ-ны сатып алудың орта мерзімді бағдарламасы жер қойнауын пайдаланушының қызметінің негізгі бағыттары мен қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындайтын бюджеттер және (немесе) жер қойнауын пайдаланушының өзге де құжаттары негізінде әзірленеді.

Мердігерлердің ТЖКҚ сатып алудың жылдық және орта мерзімді бағдарламалары жер қойнауын пайдаланушымен жасалған мердігерлік шарт негізінде әзірленеді.

ТЖКҚ-ны сатып алудың жылдық және орта мерзімді бағдарламаларында уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде және жер қойнауын пайдаланушы мен

мердігер арасында жасалған мердігерлік шартты орындау үшін сатып алынатын барлық ТЖКҚ көрсетіледі.

ТЖКҚ сатып алудың жылдық және орта мерзімді бағдарламалары тізілімде (жүйеде) орналастырылады.

14. Уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын ТЖКҚ сатып алу рәсімі ТЖКҚ сатып алудың жылдық бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. Уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын ТЖКҚ сатып алу рәсімі осы Қағидалардың 131-тармағында көзделген жағдайларда ТЖКҚ сатып алудың орта мерзімді бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қажет болған жағдайда ТЖКҚ-ны сатып алудың жылдық және орта мерзімді бағдарламаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі.

2-тарау. Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің ашық конкурс тәсілімен уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібі

1-параграф. Жалпы ережелер

15. Біртекті болып табылмайтын ашық конкурс тәсілімен ТЖКҚ сатып алған кезде Тапсырыс берушінің ТЖКҚ-ны бірыңғай сатып алуды көрсетілген тәсілмен ұйымдастыруы және өткізуі осындай ТЖКҚ-ны конкурстық құжаттамада лоттарға бөле отырып жүзеге асырылады.

Ашық конкурс тәсілімен біртекті ТЖКҚ-ның бірнеше түрін сатып алу ТЖКҚ-ны олардың біртекті түрлері бойынша және оларды жеткізу (орындау, көрсету) орны бойынша лоттарға бөлу жолымен жүзеге асырылады. Тапсырыс беруші ашық конкурс өткізу кезінде лоттарды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың және (немесе) қызметтер көрсетудің бір орны бар біртекті ТЖКҚ саны (көлемі) бойынша қосымша бөледі.

Тапсырыс беруші жер қойнауын пайдалануға арналған бірнеше келісімшарттар шеңберінде біртекті ТЖКҚ сатып алған кезде мұндай ТЖКҚ сатып алу ТЖКҚ жеткізудің (орындаудың, көрсетудің) бірыңғай орны болған жағдайда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша ТЖКҚ сатып алынатын көлемдердің бөлінуін көрсете отырып, бір лотпен жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта көрсетілген оның шекаралары шегіндегі кен орны және (немесе) мекенжайы (жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері) және (немесе) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта көрсетілген оның шекаралары шегіндегі келісімшарттық аумақ ТЖКҚ жеткізу (орындау, көрсету) орны болып табылады.

Жабдықтың, көлік құралының белгілі бір моделіне қосалқы бөлшектерді (жинақтауыштарды) бір лотпен сатып алуға жол беріледі.

Жобалау ұйымдарының қызметтерін бір лотпен сатып алуға жол беріледі.

Монтаждау және (немесе) іске қосу-реттеу жұмыстарын жүргізе отырып және (немесе) осы жабдықты пайдалану бойынша персоналды оқытуды (нұсқама) жүргізе отырып, бір лот тауар сатып алуға жол беріледі.

Толық аяқталған құрылыс және уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде кешенді жұмыстар бір лотпен сатып алынады.

Мердігер немесе қосалқы мердігер шартты орындау мақсатында сатып алған тауарлардың жиынтық құны ұңғыманы бұрғылау, күрделі және ағымдағы жөндеу жөніндегі жұмыстарды орындауға арналған шартты қоспағанда, шарт сомасының 50% (елу пайыз) аспайды.

Қызмет көрсетуге арналған шартты орындау мақсатында қызмет көрсетуші сатып алған тауарлардың жиынтық құны шарт сомасының 30% (отыз пайыз) аспайды.

Қосалқы мердігер шартты орындауға басқа тұлғаларды (қосалқы мердігерлерді) тартпайды.

16. Ашық конкурс тоғыз кезеңде өткізіледі:

1) конкурстық комиссияны қалыптастыру;

2) конкурстық құжаттаманы қалыптастыру және бекіту;

3) ашық конкурс және конкурстық құжаттама өткізу туралы хабарландыруды тізілімде (жүйеде) орналастыру;

4) конкурстық өтінімдерді жинау;

5) конкурстық өтінімді қамтамасыз ету;

6) конкурстық өтінімдерді тізілімде (жүйеде) ашу, конкурстық комиссияның ашық конкурс шарттарына сәйкестігіне конкурстық өтінімдерді қарауы және конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасын жасау;

7) қорытындыларды шығару хаттамасын жасай отырып, ашық конкурстың жеңімпазын айқындау;

8) құжаттарды салыстыру рәсімінен құжаттарды салыстыру хаттамасын жасаумен өту (Конкурстық комиссия мүшелерінде ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығына негізделген күмән туындаған кезде Тапсырыс берушінің шешімі бойынша);

9) ашық конкурс жеңімпазымен шарт (шарттар) жасасу.

Осы тармақта көзделген жағдайларда әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдерін қарау, ашық конкурстың әлеуетті жеткізушілерінің конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру, сондай-ақ ашық конкурстың жеңімпазын айқындау конкурстық құжаттамада көзделген әрбір лот бойынша жүзеге асырылады.

17. Ашық конкурс өткізу кезінде осы Қағидаларды бұзушылықтар анықталған кезде тапсырыс беруші ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жасасқан сәтке дейін ашық конкурстың күшін жояды және оны қайтадан өткізеді.

Жаңа ашық конкурс өткізу үшін конкурстық құжаттамаға өзгерістер осы бұзушылықтарды жою және тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету мерзімдерін ұзарту, сондай-ақ қажет болған жағдайда жұмыстарды орындау,

қызметтер көрсету мерзімдерін қысқарту, жеткізуші орындайтын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемдерін мөлшерлес қысқарту бөлігінде енгізіледі.

Ашық конкурстың күші жойылған кезде жаңа ашық конкурс оның күші жойылған кезден бастап 1 (бір) ай ішінде жарияланады.

Тапсырыс беруші жоюдың себебін көрсете отырып, тізілім (жүйе) арқылы ашық конкурсқа қатысу үшін конкурстық өтінімдер берген әлеуетті жеткізушілердің ашық конкурсының күшін жою жөнінде қабылданған шешім туралы хабарлайды.

Тапсырыс беруші жер қойнауын пайдаланушы мен оның мердігерінің бекітілген жылдық және (немесе) орта мерзімді ТЖКҚ сатып алу бағдарламаларында көзделген ТЖКҚ сатып алуға арналған шығыстар қысқартылған кезде ашық конкурсты өткізуден бас тарту туралы тізілімде (жүйеде) хабарлама арқылы конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей ашық конкурс өткізуден бас тартады.

Ашық конкурстан бас тартқан кезде ағымдағы қаржы жылында ТЖКҚ сатып алу бойынша жаңа ашық конкурс өткізуге жол берілмейді.

2-параграф. Конкурстық комиссияны қалыптастыру

18. Конкурстық комиссияны Тапсырыс беруші жеке ашық конкурсқа да, тұрақты негізде де, бірақ бір қаржы жылынан аспайтын мерзімге құрады.

19. Конкурстық комиссияның құрамына конкурстық комиссияның төрағасы, төрағасының орынбасары және мүшелері кіреді. Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрайды. Конкурстық комиссияның құрамы кемінде үш адамды құрайды. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды және конкурстық комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс бермейді.

Ашық конкурстың қорытындылары шығарылғанға дейін немесе құжаттарды салыстыру рәсіміне дейін (бар болса) конкурстық комиссияның құрамына сырқаттану немесе демалыста болу жөніндегі конкурстық комиссияның мүшесі болмаған кезде, сондай-ақ жұмыстан шығаруға байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол беріледі.

20. Конкурстық комиссияның отырыстары Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілігі қатысқан жағдайда өткізіледі және конкурстық комиссияның қатысып отырған мүшелері, оның төрағасы, оның орынбасары және конкурстық комиссияның хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

21. Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және ол отырысқа қатысып отырған конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берген жағдайда қабылданған болып есептеледі. Дауыс тең болған кезде шешім конкурстық комиссияның төрағасы, ал ол болмаған жағдайда төрағаның

орынбасары дауыс берген шешім ретінде қабылданады. Шеміммен келіспеген жағдайда конкурстық комиссияның кез келген мүшесі өзінің ерекше пікірін жазбаша түрде баяндап, оны конкурстық комиссия отырысының хаттамасына коса алады.

22. Конкурстық комиссияның төрағасы оның жұмысына басшылық жасайды, комиссия отырыстарында төрағалық етеді.

23. Конкурстық комиссияның хатшысы ТЖКҚ сатып алу бойынша ашық конкурс рәсімдерін өткізуді ұйымдастырады. Конкурстық комиссияның хатшысы Конкурстық комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстар дайындайды, конкурстық комиссияны қажетті құжаттармен қамтамасыз етеді, конкурстық комиссияның отырысын өткізуді ұйымдастырады, тізілімде (жүйеде) қалыптастырылған конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасына және ашық конкурстың қорытындыларын шығару хаттамасына қол қояды, ТЖКҚ сатып алу жөніндегі құжаттар мен ашық конкурс материалдарының сақталуын қамтамасыз етеді.

3-параграф. Конкурстық құжаттаманы қалыптастыру және бекіту

24. Конкурстық құжаттама әлеуетті жеткізушілерді ТЖКҚ сатып алудың талаптары мен шарттары туралы хабардар етуге арналған. Конкурстық құжаттаманы тапсырыс беруші әзірлейді және бекітеді.

25. Конкурстық құжаттамада мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) ашық конкурс тәсілімен ТЖКҚ сатып алу нысанасы (ашық конкурс нысанасына бірнеше лоттар кірген жағдайда лоттардың атауы мен нөмірі);

2) осы Қағидалардың 41-тармағына сәйкес әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімінің мазмұны;

3) тапсырыс берушінің атауы (заңды тұлға үшін), тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (жеке тұлға үшін), нақты мекенжайы;

4) Қазақстан Республикасының ұлттық стандартын көрсете отырып, сатып алынатын ТЖКҚ-ның функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын сипаттай отырып, әрбір лот бойынша техникалық ерекшелік, ол болған кезде жоспарлар, сызбалар мен эскиздер, олар болған кезде, сондай-ақ ТЖКҚ-ның осы талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі.

Құрылыста мердігерлік жұмыстарды сатып алу кезінде (жобалық жұмыстарды қоса алғанда) Қазақстан Республикасында өндірілген құрылыс материалдары, бұйымдар, конструкциялар, инженерлік жабдықтар мен құрылғылар (бар болса) пайдаланылады.

Мердігер мердігерлік шарт шеңберінде қосалқы мердігерлерге беретін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемі жиынтығында жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің екінші көлемінен аспайды;

5) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бағасынан басқа, оларды тасымалдауға, сақтандыруға, кедендік баждарды, салықтарды, алымдарды төлеуге арналған шығыстарды, сондай –ақ қосылған құн салығын есепке

алмағанда, тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету шарттарында көзделген өзге де шығыстарды қамтитын конкурстық баға ұсынысы (бұдан әрі - ҚҚС);

6) төлем шарттары;

7) сатып алынатын тауардың саны, әрбір лот бойынша орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі;

8) әрбір лот бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтер көрсету орындары;

9) тауарларды жеткізу мерзімі:

тауар өндірушілер арасында тауарларды сатып алуға ашық конкурс өткізу кезінде тауарларды жеткізу мерзімі тауарды сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап немесе тауарды сатып алу туралы шарт жасалғаннан кейін шартта айқындалған оқиғалар басталған күннен бастап әрбір лот бойынша жеткізілетін тауардың бірінші партиясына кемінде 60 (алпыс) күнтізбелік күн болуға тиіс;

тауар өндірушілер арасында белгіленген басымдықсыз тауарларды сатып алуға ашық конкурс өткізу кезінде тауарларды жеткізу мерзімі тауарды сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап немесе тауарды сатып алу туралы шарт жасалғаннан кейін шартта айқындалған оқиғалар басталған күннен бастап әрбір лот бойынша жеткізілетін тауардың бірінші партиясына кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн болуға тиіс.

Жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап және (немесе) конкурстық құжаттамада айқындалған күннен бастап және (немесе) жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт жасалғаннан кейін конкурстық құжаттамада айқындалған оқиғалар басталған күннен бастап әрбір лот бойынша жұмыстарды орындау немесе қызметтер көрсету мерзімі.

Конкурстық өтінімде сатып алынатын тауарларды қазақстандық өндіруші, егер конкурстық құжаттамада өзгеше ұзағырақ мерзім көзделмесе, тауарды дайындау үшін қажетті кезеңге жеткізу мерзімін, бірақ шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге немесе жеткізілетін тауардың бірінші партиясына өтінім жіберілген сәттен бастап ұлғайтуға құқылы;

10) конкурстық өтінімдерді ұсынудың басталу және аяқталу уақыты;

11) конкурстық өтінімдерді ашу күні мен уақыты;

12) редакцияланатын форматтағы әрбір лот бойынша шарттың жобасы;

13) Тапсырыс берушінің Кодекстің 179-бабының 1-тармағында көзделген өлшемшартқа сәйкес шартты жеңілдік беру туралы міндеттемесі және әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімінің шартты бағасын есептеу үшін осы Қағидалардың 46-тармағында көрсетілген құжаттар тізбесі;

14) конкурстық өтінімнің мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар, сондай-ақ әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдерінің ең аз қолданылу мерзімі;

15) конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді және (немесе) ТЖКҚ сатып алу туралы шартты орындауды енгізу көлемі (егер конкурстық құжаттамада конкурстық өтінімді және (немесе) ТЖКҚ сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз ету көзделген жағдайда);

16) ҚҚС есебінсіз әрбір лот бойынша ашық конкурстың мәні болып табылатын ТЖКҚ сатып алу үшін бөлінген сомалар туралы мәліметтер;

17) тапсырыс берушінің осы Қағидалардың 17-тармағына сәйкес ТЖКҚ сатып алу бойынша ашық конкурс өткізуден бас тарту мерзімдері мен тәртібі туралы мәліметтер;

18) әрбір лот бойынша пайызбен көрсетілген сатып алынатын ТЖКҚ-дағы елішілік құндылық бойынша ең төмен талаптар.

Тауарлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелерді қамтымайтын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша әрбір лот бойынша пайызбен көрсетілген сатып алынатын тауарлардағы елішілік құндылық бойынша ең төменгі талаптарды белгілеуге жол беріледі.

Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық бойынша міндеттемелерді қамтитын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша сатып алынатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық бойынша әрбір лот бойынша пайызбен көрсетілген ең төменгі талаптарды белгілеу (50-ден 100-ге дейін).

Жобалау жұмыстарын сатып алу кезінде елішілік құндылығы бойынша ең төменгі талаптар кемінде 80% (сексен пайыз) құрайды.

26. Конкурстық құжаттамада шарттарды белгілеуге жол беріледі:

1) сатып алынатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында және (немесе) тапсырыс беруші айқындаған салада жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттарды ұсыну туралы.

Әлеуетті жеткізушінің жұмыс тәжірибесіне қойылатын талапты жылдық көлемі құндық мәнде тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің (бұдан әрі – АЕК) жиырма мың еселенген мөлшерінен асатын жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде тапсырыс беруші белгілейді.

Әлеуетті жеткізушінің жұмыс тәжірибесі орындалған жұмыстарды (көрсетілген қызметтерді) қабылдау-беруді растайтын тиісті актілердің электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, әлеуетті жеткізуші жұмыстарды орындаған, қызметтер көрсеткен ұйымдардан ұсыным хаттардың немесе оң пікірлердің электрондық көшірмелерімен расталады. Бұл ретте жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету саласында соңғы 3 (үш) жылдан асатын тәжірибенің болуы туралы шарт белгіленбейді.

Жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар жұмыс тәжірибесінің әрбір жылы үшін ұсынылады.

Егер Тапсырыс берушінің жылдық жұмыс немесе қызмет көрсету көлемі құндық мәнде АЕК-тің жиырма мың еселенген мөлшерінен асатын болса, әлеуетті жеткізуші

жұмыс тәжірибесінің бүкіл мерзімі үшін кемінде бір шарт бойынша тиісті қаржы жылына белгіленген АЕК-тің жиырма мың еселенген мөлшерінен асатын сомаға жұмыстар (қызметтер) көлемінің орындалғанын растайтын құжаттарды ұсынады.

Жұмыс тәжірибесінің соңғы жылын есептеу кезінде Қағидалардың осы тармақшасының үшінші бөлігінде көрсетілген жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттарды ағымдағы қаржы жылына немесе ағымдағы қаржы жылының алдындағы қаржы жылына ұсынуға жол беріледі;

2) егер осы тауар бұрын осы зауыт өндірімеген болса, дайындаушы зауыттың (дистрибьютордың, дайындаушы зауыттың ресми өкілінің) тауардың техникалық сипаттамасын ұсынуы туралы;

3) әлеуетті жеткізушінің қызметкерлерінде кәсіби біліктілігін растайтын дипломдардың, сертификаттардың, куәліктердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес еңбек қызметін растайтын құжаттардың біреуінің болуы туралы;

4) сатып алынатын тауарларды дайындаушы зауыт (дистрибьютор, дайындаушы зауыттың ресми өкілі) тапсырыс берушіге және әлеуетті жеткізушіге берген мыналарды қамтитын хатты ұсыну туралы;

конкурстық құжаттамада белгіленген көлемде және сапада әлеуетті жеткізушіге тауарды жеткізу жөніндегі ашық конкурс талаптарының орындалуы туралы растама;

жеткізуге ұсынылатын тауардың техникалық сипаттамаларының сипаттамасы;

тапсырыс берушіге тауарды уақтылы жеткізуді жүзеге асыру үшін жеткілікті мерзімде әлеуетті жеткізушіге тауарды жеткізу туралы растау;

5) дайындаушы зауыт (дистрибьютор, дайындаушы зауыттың ресми өкілі) тапсырыс берушіде бар жабдықты немесе ол үшін қосалқы бөлшектер немесе шығыс материалдары сатып алынатын көлік құралын әлеуетті жеткізуші ұсынатын қосалқы бөлшектердің немесе шығыс материалдарының тапсырыс берушіде бар жабдықпен немесе осы өндірушінің көлік құралымен салыстырымдылығы туралы берген хатты ұсыну туралы.

Әлеуетті жеткізуші дистрибьютор немесе ресми өкіл берген хатты ұсынған кезде конкурстық өтінімге дайындаушы зауыт берген, осы адамдардың өкілеттіктерін растайтын құжаттар қоса беріледі;

27. Конкурстық құжаттамада мыналарға рұқсат етілмейді:

1) әлеуетті жеткізушілерге осы Қағидаларда көзделмеген кез келген талаптарды белгілеу;

2) әлеуетті жеткізуші қызметкерлерінің жұмыс тәжірибесінің болуы туралы талапты белгілеу;

3) сатып алу жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауар шығарылған жердің атауына және өндірушінің атауына,

сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті жеткізушіге не өндірушіге тиесілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларға нұсқау:

толықтыру, жаңғырту, жете жарақтандыру үшін, сондай-ақ одан әрі техникалық сүйемелдеу, сервистік қызмет көрсету және жөндеу, оның ішінде негізгі (орнатылған) жабдықты жоспарлы жөндеуге (қажет болған жағдайда) арналған ТЖКҚ;

мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы бар жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына сәйкес тауарлар.

28. Тапсырыс беруші бекіткен конкурстық құжаттаманы тапсырыс беруші тізілімде (жүйеде) мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырады.

Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі конкурстық құжаттама мәтіндерінің арасында келіспеушіліктер болған жағдайда, басымдық мемлекеттік тілдегі құжаттарға беріледі.

29. Ашық конкурсқа қатысу үшін әлеуетті жеткізушілер конкурстық құжаттаманы және әрбір лот бойынша техникалық ерекшелікті жүктеп салады (жүктеп алады).

30. Әрбір лот бойынша конкурстық құжаттаманы және техникалық ерекшелікті жүктемеген (жүктеп алмаған) әлеуетті жеткізушілердің ашық конкурс лотына қатысуға жол берілмейді.

Әрбір лот бойынша конкурстық құжаттаманың және техникалық ерекшеліктің көшірмесін ұсыну (тізілімнен (жүйеден) алу) фактісі автоматты түрде тізілімде (жүйеде) тіркеледі.

31. Ашық конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланғанға дейін конкурстық құжаттаманы ұсынуға жол берілмейді.

32. Әлеуетті жеткізуші тапсырыс берушіге конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей тізілімде (жүйеде) орналастыру арқылы конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұратумен жүгінеді. Тапсырыс беруші сұрау салу тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған жауап береді және сұрау салудың кімнен түскенін көрсетпей тізілімде (жүйеде) негізделген және дәлелді түсініктеме орналастырады.

Осы Қағидалардың осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімдерде тізілімде (жүйеде) конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулардың болмауы әлеуетті жеткізушінің конкурстық құжаттаманың шарттарымен келісімін білдіру болып табылады.

Әлеуетті жеткізушінің ашық конкурсқа қатысу үшін конкурстық өтінім беруі конкурстық құжаттаманың шарттарымен келісімін білдіру болып табылады.

33. Тапсырыс беруші осы Қағидалардың 25-тармағының 1) тармақшасында көзделген мәліметтерді қоспағанда, конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді. Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде енгізіледі. Өзгерістер және (немесе)

толықтырулар енгізілген кезде конкурстық құжаттаманы тапсырыс беруші қайта бекітуге тиіс, конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімін тапсырыс беруші (егер мұндай өзгерістер енгізілген сәтте конкурстық өтінімдерді беру мерзімі 10 жұмыс күнінен кем болса) конкурстық құжаттамаға өзгерістер немесе толықтырулар енгізілген күннен бастап конкурстық өтінімдердегі осы өзгерістерді әлеуетті жеткізушілер есепке алу үшін кемінде он жұмыс күні мерзімге ұзартады, бұл ретте конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімін ұзарту саны шектелмейді.

Енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ескере отырып, конкурстық құжаттаманың көшірмесін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген күннен бастап бір күнтізбелік күнінен кешіктірмей тапсырыс беруші оны тізілімде (жүйеде) орналастыру арқылы барлық әлеуетті жеткізушілерге ұсынады.

Конкурстық өтінімді ұсыну мерзімдерін ұзарту туралы ақпарат тізілімде (жүйеде) орналастырылуға тиіс.

Тапсырыс беруші ашық конкурсқа қатысу үшін конкурстық өтінімдер берген әлеуетті жеткізушілердің конкурстық құжаттамасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жөнінде қабылданған шешім туралы конкурстық құжаттамаға жүргізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар көрсетіле отырып, тізілім (жүйе) арқылы хабарлайды.

34. Осы тармаққа сәйкес Тапсырыс берушінің осы ТЖКҚ-ны сатып алуды жүзеге асырудан бас тартуына байланысты ашық конкурстың мәні болып табылатын кейбір ТЖКҚ лоттарын алып тастау конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізу деп танылмайды.

4-параграф. Ашық конкурс және конкурстық құжаттама өткізу туралы хабарландыруды тізілімде (жүйеде) орналастыру

35. Ашық конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылады:

1) егер әрбір лот бойынша сатып алынатын ТЖКҚ-ның жалпы көлемі құндық мәнде тиісті қаржы жылына белгіленген АЕК-тің жиырма мың еселенген мөлшеріне тең немесе одан аспайтын болса, конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткенге дейін кемінде он жұмыс күні бұрын;

2) егер әрбір лот бойынша сатып алынатын ТЖКҚ-ның жалпы көлемі құндық мәнде тиісті қаржы жылына белгіленген АЕК-тің жиырма мың еселенген мөлшерінен асатын болса, конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткенге дейін кемінде жиырма жұмыс күні бұрын жүзеге асырылады.

36. Тізілімнің (жүйенің) ашық бөлігінде орналастырылатын ашық конкурс өткізу туралы хабарландыруда мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) ашық конкурстың нысанасы (ашық конкурстың нысанасына бірнеше лоттар кірген жағдайда лоттардың атауы мен нөмірі);

2) әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптауышына сәйкес тапсырыс берушінің атауы және орналасқан жері;

3) әрбір лот бойынша сипаттама, өлшем бірлігі, сатып алынатын тауарлардың саны, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі, сондай-ақ әрбір лот бойынша техникалық ерекшеліктің электрондық көшірмесі;

4) ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап және (немесе) конкурстық құжаттамада айқындалған күннен бастап әрбір лот бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтер көрсету мерзімі, тауарларды жеткізу, қызметтер көрсету, әрбір лот бойынша жұмыстарды орындайтын жер;

5) конкурстық құжаттаманың электрондық көшірмесі;

6) конкурстық өтінімдерді тізілімде (жүйеде) ұсынудың басталу және аяқталу уақыты, сондай-ақ конкурстық өтінімдерді ашу күні мен уақыты;

7) ҚҚС есебінсіз әрбір лот бойынша ТЖКҚ сатып алуға бөлінген сома;

8) ашық конкурстың қорытындылары шығарылған күннен бастап немесе құжаттарды салыстыру хаттамасына қол қойылған күннен бастап әрбір лот бойынша ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жасасудың талап етілетін мерзімі;

9) сатып алынатын тауарлардағы, жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) елішілік құндылығы бойынша әрбір лот бойынша пайызбен көрсетілген ең төменгі талаптар (0-ден 100-ге дейін);

Тауарлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелерді қамтымайтын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша әрбір лот бойынша пайызбен көрсетілген (0-ден 100-ге дейін) сатып алынатын тауарлардағы елішілік құндылық бойынша ең төменгі талаптарды белгілеуге жол беріледі;

Жобалау жұмыстарын сатып алу кезінде елішілік құндылығы бойынша ең төменгі талаптар кемінде 80% (сексен пайыз) құрайды.

10) әрбір лот бойынша ТЖКҚ сатып алу жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың (-тардың) нөмірі;

11) әлеуетті жеткізушінің конкурстық баға ұсынысына ҚҚС есептемегенде, конкурстық құжаттамада көзделген сатып алынатын өзге шығыстардың бағасынан басқа, конкурстық баға ұсынысына енгізу қажеттілігі туралы талап;

12) конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі;

13) сатып алу коды.

5-параграф. Конкурстық өтінімдерді жинау

37. Конкурстық өтінім ашық конкурсқа қатысуға, тауарды жеткізуді жүзеге асыруға немесе жұмысты орындауға немесе конкурстық құжаттаманың шарттарына сәйкес қызмет көрсетуге үміткер әлеуетті жеткізушінің келісімін білдіру болып табылады.

38. Тізілімде (жүйеде) тіркелу үшін әлеуетті жеткізуші тізілімде (жүйеде) орналастырады:

1) заңды тұлғалар үшін:

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың электрондық көшірмесі;

құрылтайшылар туралы мәліметтерді қамтитын құжаттың электрондық көшірмесі: Үлгі жарғы негізінде тіркелген заңды тұлғалар үшін жарғының электрондық көшірмесі-заңды тұлғаны тіркеу туралы белгіленген нысандағы өтініштің электрондық көшірмесі, акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірменің электрондық көшірмесі (акционерлік қоғамдар үшін), сондай-ақ құрылтайшылар туралы мәліметтерді қамтитын өзге құжаттың электрондық көшірмесі;

2) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін - кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелгені туралы құжаттың электрондық көшірмесі (жеке кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарлама және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10194 болып тіркелген) хабарламалардың нысандарына және мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларына сәйкес хабарламаны қабылдау туралы, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы талон;

3) заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі үшін (консорциум) – консорциум туралы келісімнің электрондық көшірмесі, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету кезінде тартылған консорциум қатысушыларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамалардың электрондық көшірмелері, үлгілік жарғы негізінде тіркелген заңды тұлғалар үшін қатысушылар жарғыларының электрондық көшірмелері-қатысушы заңды тұлғаны тіркеу туралы белгіленген нысандағы өтініштің электрондық көшірмесі;

4) Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін - Қағидалардың осы тармағында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелері, не болмаса нотариус куәландырған мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аудармасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті жеткізуші (консорциумға қатысушы (қатысушылары) туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері.

Тізілімде (жүйеде) тіркелгеннен кейін Қағидалардың осы тармағында көрсетілген деректер өзгерген кезде әлеуетті жеткізушілер оларды тізілімде (жүйеде) жаңартуды жүзеге асырады.

39. Әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтініміне электрондық цифрлық қолтаңба қойылады және тізілімде (жүйеде) орналастырылады.

Конкурстық өтінімді әлеуетті жеткізушілер мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде, конкурстық құжаттамада көзделген жағдайларда басқа тілдерде аудармасымен қоса ұсынады.

Мемлекеттік және өзге тілдердегі құжаттар мәтіндерінде алшақтық болған жағдайда, басымдық мемлекеттік тілде ұсынылған құжаттарға беріледі.

Конкурстық өтінім құрамында нотариат куәландырған құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынуға жол беріледі.

Әлеуетті жеткізуші конкурстық өтінім құрамында ұсынған, әріптік, цифрлық және өзге де белгілермен сәйкестендірілмейтін ақпаратты қамтитын құжат әлеуетті жеткізуші ұсынбаған болып есептеледі.

Мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасыз әлеуетті жеткізуші ұсынған шет тіліндегі құжат әлеуетті жеткізуші ұсынбаған болып есептеледі.

Ақпараттық жүйелер арқылы алынған құжаттарды қоспағанда, әлеуетті жеткізушіде осындай құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері қағаз жеткізгіштерде болған жағдайда құжаттардың электрондық көшірмелері ұсынылады.

40. Тізілімде (жүйеде) ашық конкурс хабарландыруында көрсетілген конкурстық өтінімдерді ұсынудың аяқталу мерзімі өткеннен кейін ұсынылатын ашық конкурстың әлеуетті жеткізушілерінің конкурстық өтінімдері орналастырылмайды.

41. Әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімінде мыналар қамтылады:

1) лицензиялардың электрондық көшірмелері (ашық конкурс шарттарымен міндетті лицензиялауға жататын қызмет көзделген жағдайда);

2) конкурстық өтінімдерді беру басталған күннің алдындағы бір айдан ерте емес күнгі жағдай бойынша берілген, әлеуетті жеткізушінің банк немесе банк филиалы алдындағы міндеттемелері бойынша мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы әлеуетті жеткізушіге қызмет көрсетілетін банктің немесе банк филиалының анықтамасының электрондық көшірмесі (егер әлеуетті жеткізуші бірнеше екінші деңгейдегі банктердің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, бұл анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады);

3) тиісті салық органының конкурстық өтінімдер беру басталған күннің алдындағы бір айдан ерте емес берілген берешегінің жоқтығы не бір теңгеден кем берешегінің бар екендігі туралы анықтамасының электрондық көшірмесі;

4) Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті жеткізушінің қызметі осы жеткізушінің банкрот деп танылуына байланысты тоқтатылмағаны туралы мәліметтердің электрондық көшірмелері;

5) ТЖКҚ функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын, сондай-ақ ТЖКҚ осы талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың сипаттамасы бар техникалық ерекшеліктің электрондық көшірмелері.

Тауарды сатып алу кезінде техникалық ерекшелікте шығарылған елі, дайындаушы зауыт, жеткізуге ұсынылатын тауардың моделінің атауы және техникалық сипаттамалары көрсетіледі.

Әлеуетті жеткізушінің конкурстық құжаттамада белгіленген күнтізбелік алпыс күннен кем жеткізу мерзімін көрсетуіне жол беріледі;

6) ұсынылатын ТЖКҚ-дағы елішілік құндылығы бойынша әрбір лот бойынша пайызбен көрсетілген міндеттемелер (0-ден 100-ге дейін).

Әрбір лот бойынша пайызбен көрсетілген (0-ден 100-ге дейін), оның ішінде тауарлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелері жоқ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша сатып алынатын тауарларда елішілік құндылықтың ең төмен талаптарын белгілеуге жол беріледі;

7) уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге байланысты жұмыстардың жекелеген түрлерін орындауға арналған шартты орындау кезінде мердігердің осы қағидаларды сақтау туралы келісімі (әлеуетті жеткізуші мердігерлік шартты орындау үшін қажетті ТЖКҚ сатып алған кезде);

8) Қазақстан Республикасының резиденті емес мердігерлердің Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде осындай мердігер жүзеге асыратын жобаларда жұмыстарды орындау және (немесе) қызметтер көрсету үшін Қазақстан Республикасының резиденттерін тарту жөніндегі міндеттемесі;

9) осы Қағидалардың 26-тармағының 1) тармақшасының талаптарына сәйкес жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері (конкурстық құжаттамада әлеуетті жеткізушінің жұмыс тәжірибесі туралы шарт көзделген жағдайда);

10) сатып алынатын тауарларды өндіруші тапсырыс берушіге және әлеуетті жеткізушіге конкурстық құжаттаманың шарттарына сәйкес берген хаттың электрондық көшірмесі (конкурстық құжаттамада тиісті талап болған кезде);

11) сатып алу коды мен лоттың нөмірін көрсете отырып, тапсырыс берушінің банктік шотына кепілдік ақшалай жарнаның енгізілгенін растайтын төлем тапсырмасының электрондық көшірмесі (конкурстық құжаттамада тиісті талап болған кезде);

12) ашық конкурстың әлеуетті жеткізушісінің конкурстық баға ұсынысы электрондық құжат нысанында конкурстық құжаттамада көзделген талаптарға сәйкес ҚҚС есептемегенде әрбір лот бойынша жеке тізілімде (жүйеде) ұсынылады;

13) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға конкурстық өтінім берген кезде:

кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелгені туралы құжаттың электрондық көшірмесі.

Заңды тұлға конкурстық өтінім берген кезде:

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес бекітілген Жарғының электрондық көшірмесі (бұдан әрі-заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заң) немесе мемлекеттік тіркеу туралы өтініштің электрондық көшірмесі (үлгілік жарғы негізінде тіркелген заңды тұлғалар үшін);

құрылтайшылар (қатысушылар) туралы мәліметтерді қамтитын құрылтай құжаттарынан үзінді көшірменің электрондық көшірмесі немесе серіктестікке қатысушылар тізілімінен үзінді көшірменің электрондық көшірмесі (жарғыда құрылтайшылар (қатысушылар) немесе құрылтайшылардың (қатысушылардың) құрамы туралы мәліметтер болмаған кезде);

акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірменің электрондық көшірмесі (акционерлік қоғамдар үшін);

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы Заңның 12-бабына сәйкес белгіленген тәртіппен алынған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың электрондық көшірмесі.

Қазақстан Республикасының бейрезиденті конкурстық өтінім берген кезде:

Қағидалардың осы тармағында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелері, не болмаса нотариус куәландырған мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аудармасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті жеткізуші (консорциумға қатысушы (қатысушылары) туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері.

42. Сатып алынатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар ретінде әлеуетті жеткізушілердің мүліктік жалдау (жалдау) шартын ұсынуына жол беріледі.

Мүліктік жалдау шарттарына сондай-ақ лизинг, прокат шарттары, сондай-ақ мүлікті уақытша пайдалануға ақыға беруге байланысты шарттардың түрлері, оның ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 585-бабына сәйкес экипажбен көлік құралын жалға алу жатады.

Әлеуетті жеткізушілер ақылы қызмет көрсету шарттарын және үшінші тұлғалармен мердігерлік шарттарды ұсынбайды.

Ашық конкурсқа қатысуға үшінші тұлғаларды тарту кезінде конкурстық өтінім осы Қағидалардың 41 және 43-тармақтарының талаптарына сәйкес ұсынылады.

43. Заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум) ашық конкурсқа қатысуы үшін мыналар ұсынылады:

1) заңды тұлғалардың уақытша бірлестігінің (консорциумның) әрбір мүшесі осы Қағидалардың 41-тармағының 2), 3), 4) және 13) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсынады;

2) Қағидалардың осы тармағының 1) тармақшасында көрсетілген құжаттарды қоспағанда, осы Қағидалардың 41-тармағында көзделген құжаттарды бірлескен қызмет туралы шарт ұсыныла отырып, заңды тұлғалар бірлестігінің (консорциумның) бір немесе бірнеше қатысушылары ұсынады.

Бірлескен қызмет туралы шарт консорциумға басшылық етуді, сондай-ақ жұмысты немесе қызметті сатып алу туралы шартқа қол қоюды үлкен жұмыс тәжірибесі бар (егер жұмыс тәжірибесіне қойылатын талап конкурстық құжаттамада көзделген болса) (

егер қызметті жүзеге асыру үшін "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рұқсат беру құжаттары қажет болса) және сатып алу нысанына сәйкес қызметті жүзеге асыруға рұқсат құжаттары (егер қызметті жүзеге асыру үшін "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рұқсат беру құжаттары қажет болса) бар консорциумға қатысушы жүзеге асырады.

44. Банк кепілдігі нысанында конкурстық өтінімді қамтамасыз ету енгізілгенде, банк кепілдігінің түпнұсқасы конкурстық құжаттамада көрсетілген конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін мөрленген конвертте ұсынылады.

Мөрленген конверттің алдыңғы бетінде әлеуетті жеткізуші мыналарды көрсетеді:
әлеуетті жеткізушінің толық атауы және пошталық мекенжайы;

конкурстық құжаттамада көрсетілген мәліметтерге сәйкес келуі тиіс тапсырыс берушінің толық атауы және пошталық мекенжайы;

конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің енгізілгенін растайтын банк кепілдігі ұсынылатын ашық конкурстың (лоттың) атауы.

Белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуді растайтын банк кепілдігі бар конверт ашылмайды және әлеуетті жеткізушіге қайтарылады.

45. Әлеуетті жеткізуші - Қазақстан Республикасының резиденті емес, осы Қағидалардың 41-тармағында көрсетілген құжаттар не әлеуетті жеткізуші-Қазақстан Республикасының резиденті емес туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттар ұсынылады.

46. Шартты бағаны есептеу үшін әлеуетті жеткізушілер осы Қағидалардың 41-тармағында көзделген құжаттардан басқа мыналарды да ұсынады:

1) Қазақстан Республикасының аумағында шыққанын растайтын "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификаттың, бұрын осыған ұқсас тауарға және (немесе) оның Қазақстан Республикасының аумағында шыққанын растайтын индустриялық сертификатқа берілген электрондық көшірмесі;

2) ашық конкурстың нысаны болып табылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қазақстандық өндіруші конкурстық өтінім берген кезде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттың электрондық көшірмесі нысанында жұмыскерлердің саны туралы мәліметтерді ұсынады.

Заңды тұлғалардың (консорциумдардың) уақытша бірлестіктері үшін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыскерлердің саны туралы мәліметтерді консорциумның әрбір мүшесі құжаттың электрондық көшірмесі нысанында ұсынады.

47. Конкурстық өтінімді әлеуетті жеткізуші конкурстық құжаттамада көрсетілген ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін тізілімде (жүйеде) ұсынады.

Әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімді ұсыну фактісі автоматты түрде тізілімде (жүйеде) тіркеледі.

48. Әлеуетті жеткізушіге конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталғаннан кешіктірмей мыналарды орындауына жол беріледі:

- 1) конкурстық өтінімді өзгерту және (немесе) толықтыру;
- 2) өзі енгізген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпай, өзінің конкурстық өтінімін кері қайтарып алу.

49. Әлеуетті жеткізуші:

- 1) бір лотқа бір конкурстық өтінімнен артық өтінімді енгізбейді;
- 2) конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін конкурстық өтінімге өзгерістер және (немесе) толықтыруларды енгізбейді.

Конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімді кері қайтарып алуына жол берілмейді.

50. Әлеуетті жеткізуші ашық конкурстың бірнеше лоттарына қатысқан жағдайда, тармақшаларда көзделген құжаттар 1), 5), 6), 7), 8), 9), 10) осы Қағидалардың 41-тармағы және конкурстық баға ұсынысы ашық конкурстың әрбір лоты үшін жеке ұсынылады.

51. Әлеуетті жеткізуші ашық конкурс тәсілімен ТЖКҚ сатып алуға қатысуына байланысты барлық шығындарды көтереді. Тапсырыс беруші ТЖКҚ сатып алу қорытындыларына қарамастан, осы шығыстарды өтеу бойынша міндеттеме алмайды.

6-параграф. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету

52. Тапсырыс берушінің конкурстық өтінімді қамтамасыз ету мөлшерін ТЖКҚ сатып алу үшін конкурстық құжаттамада көзделген соманың бір пайызынан астамын белгілеуіне жол берілмейді.

Сатып алынатын тауарды тауар өндірушілер арасында сатып алуды жүргізу кезінде Тапсырыс берушінің конкурстық өтінімді қамтамасыз ету мөлшерін тауарды сатып алу үшін конкурстық құжаттамада көзделген соманың жартысынан астамын (0,5 %) белгілеуіне жол берілмейді.

53. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету мынадай тәсілдердің бірімен енгізіледі:

- 1) тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;
- 2) Қазақстан Республикасының бір немесе бірнеше екінші деңгейдегі банктерінің банктік кепілдігі.

Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу тәсілін таңдау құқығын әлеуетті жеткізуші жүзеге асырады.

54. Жеткізуші үшінші тұлғаларда тұтастай не енгізілген кепілдік ақшалай жарнаға ішінара талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасамайды.

55. Тапсырыс беруші осы Қағидалардың 57-тармағында көзделген жағдайлар басталғанға дейін әлеуетті жеткізуші енгізген кепілдік ақшалай жарнаны пайдаланбайды.

56. Осы Қағидалардың осы параграфында көзделген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу туралы ережелер мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктеріне қолданылмайды.

57. Тапсырыс беруші конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде қайтармайды:

1) конкурстық баға ұсынысы ашық конкурс жеңімпазының конкурстық баға ұсынысынан кейін неғұрлым қолайлы болып табылатын жеңімпаз болып айқындалған әлеуетті жеткізуші және (немесе) екінші әлеуетті жеткізуші хабарламада белгіленген мерзімде шартты ұсынбады немесе ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың ережелері ашық конкурс жеңімпазының конкурстық баға ұсынысынан кейін конкурстық баға ұсынысы неғұрлым қолайлы болып табылатын жеңімпаздың және (немесе) екінші әлеуетті жеткізушінің ТЖКҚ және (немесе) конкурстық өтінімін сатып алу туралы шарттың жобасына сәйкес келмейді;

2) ТЖКҚ сатып алу туралы шартқа қоса берілетін құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариат куәландырған көшірмелері ашық конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттардың электрондық көшірмелерімен салыстыру рәсімінен өтпеген немесе құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылмаған;

3) ашық конкурс жеңімпазы және (немесе) ашық конкурс жеңімпазынан кейін конкурстық баға ұсынысы неғұрлым қолайлы болып табылатын екінші ықтимал жеткізуші ТЖКҚ-ны сатып алу туралы шарт жасасқаннан кейін, егер оны енгізу конкурстық құжаттамада көзделсе, ТЖКҚ шартын орындауды қамтамасыз етуді енгізу жөніндегі конкурстық құжаттамада белгіленген талптарды орындамаған жағдайда.

58. Осы Қағидалардың 57-тармағында көзделген жағдайлардың бірі басталған кезде конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасы тапсырыс берушінің кірісіне есептеледі.

59. Тапсырыс беруші әлеуетті жеткізушіге өзі енгізген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді жағдайлар туындаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қайтарады :

1) осы әлеуетті жеткізуші өзінің конкурстық өтінімін конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін кері қайтарып алғанда;

2) Тапсырыс беруші конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасына қол қойғанда.

Осы тармақшаның шарттары ТЖКҚ сатып алуға қатысуға рұқсат алмаған әлеуетті жеткізушілерге қолданылады;

3) тапсырыс беруші ашық конкурстың қорытындыларын шығару хаттамасына қол қойғанда.

Осы тармақша конкурстық баға ұсынысы ашық конкурс жеңімпазының конкурстық баға ұсынысынан кейін неғұрлым қолайлы болып табылатын жеңімпаз және екінші

әлеуетті жеткізуші айқындаған ашық конкурстың әлеуетті жеткізушісіне қолданылмайды;

4) ТЖКҚ-ны сатып алу туралы шарт күшіне енген және ашық конкурс жеңімпазы, егер оны енгізу конкурстық құжаттамада көзделген жағдайда, ТЖКҚ-ны сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізгенде.

Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету конкурстық баға ұсынысы ашық конкурс жеңімпазының конкурстық баға ұсынысынан кейін неғұрлым қолайлы болып табылатын жеңімпазға және екінші әлеуетті жеткізушіге қайтарылады;

5) әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімінің өтуі;

6) Тапсырыс берушінің осы ТЖКҚ-ны сатып алуды жүзеге асырудан бас тартуына байланысты ашық конкурстың нысанасы болып табылатын кейбір ТЖКҚ лоттарын алып тастау.

Осы тармақшаның Шарты Тапсырыс беруші алып тастаған лотқа қатысуға конкурстық өтінімдер берген әлеуетті жеткізушілерге қолданылады;

7) Тапсырыс берушінің ТЖКҚ сатып алу жөніндегі ашық конкурстан бас тартуы немесе күшін жоюы;

8) сатып алудың жеңімпазы болып айқындалған әлеуетті жеткізушінің осы Қағидалардың 129-тармағына сәйкес тауарды немесе жұмыстарды сатып алу туралы шарт жобасының құнының өзгеруіне байланысты тауарды немесе жұмысты сатып алу туралы шарт жасасудан бас тартуы.

7-параграф. Конкурстық өтінімдерді тізілімде (жүйеде) ашу, конкурстық комиссияның конкурстық өтінімдерді ашық конкурс шарттарына сәйкестігін қарауы және конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасын жасау

60. Конкурстық өтінімді автоматты режимде ұсыну фактісі мынадай мәліметтерді көрсете отырып, тізілімде (жүйеде) тіркеледі:

1) ашық конкурстың нысанасы (ашық конкурстың нысанасына бірнеше лоттар кірген лоттардың атауы мен нөмірі);

2) әлеуетті жеткізушінің атауы және орналасқан жері (заңды тұлғалар үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты және орналасқан жері (жеке тұлғалар үшін);

3) әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімін беру күні мен уақыты;

4) әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімді кері қайтарып алу күні мен уақыты.

Конкурстық өтінімдер тізілімнің (жүйенің) жабық бөлігінде болады және оларды тізілім әкімшісі (жүйесі), уран өндіру саласындағы уәкілетті орган, Тапсырыс беруші және әлеуетті жеткізушілер конкурстық өтінімдерді ашу сәтіне дейін қарау үшін қол жетімді болмайды.

Конкурстық баға ұсыныстары тізілімнің (жүйенің) жабық бөлігінде орналастырылады және тізілімнің (жүйенің) әкімшісі, уран өндіру саласындағы уәкілетті орган, Тапсырыс беруші және әлеуетті жеткізушілер конкурстық өтінімдерді

қарау хаттамасын тізілімде (жүйеде) орналастырғанға дейін қарау үшін қол жетімді болмайды.

61. Тізілімде (жүйеде) әлеуетті жеткізушілердің конкурстық құжаттамада көрсетілген оларды ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін ұсынылатын конкурстық өтінімдері орналастырылмайды.

62. Әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдерін ашу конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімде тізілімде (жүйеде) жүзеге асырылады.

63. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді қарайды және егер конкурстық құжаттамада өзгеше неғұрлым ұзақ мерзім көзделмесе, бірақ 40 (қырық) жұмыс күнінен аспайтын болса, конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімінің соңғы күнінен кейінгі 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей әрбір лот бойынша әлеуетті жеткізушілерді ашық конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім қабылдайды.

64. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімді осы Қағидалардың талаптарына жауап беретін және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін деп қарайды, егер онда конкурстық өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық қателер болса.

65. Конкурстық өтінімдерді қарау кезінде:

1) конкурстық өтінімдерді қарауды жеңілдету үшін конкурстық комиссияның тізілімде (жүйеде) әлеуетті жеткізушілерде олардың конкурстық өтінімдеріне байланысты олардың мазмұнын өзгертпестен, бірақ конкурстық өтінімдерді қараудың соңғы мерзімі өткенге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей түсіндірмелерді орналастыру жолымен сұратуға жол беріледі. Әлеуетті жеткізуші сұратуды орналастырылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оған тізілімде (жүйеде) жауап береді;

2) тапсырыс берушіге әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтініміне қандай да бір өзгерістер енгізуге жол берілмейді;

3) конкурстық құжаттаманың және осы Қағидалардың талаптарына сай келмейтін конкурстық өтінімді осы талаптарға сәйкес келтіру үшін ешқандай сұрау салуларға, ұсыныстарға немесе рұқсаттарға жол берілмейді.

66. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімді қабылдамайды және әлеуетті жеткізушіні мынадай негіздер бойынша ашық конкурсқа қатысуға жібермейді:

1) әлеуетті жеткізуші Қазақстан Республикасының бір немесе бірнеше Екінші деңгейдегі банктерінің банктік кепілдігі нысанында конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу тәсілін таңдаған жағдайда, осы Қағидалардың 41-тармағында, осы Қағидалардың 44-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылмаған, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум) ашық конкурсқа, төмендетуге арналған ашық конкурсқа (электрондық сауда-саттыққа) қатысқан жағдайда, осы Қағидалардың 43-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылмаған;

2) конкурстық өтінімде файлды ашу қатесімен ұсынылған ақпарат қамтылса;

3) осы Қағидалардың 38-тармағының талаптарын бұза отырып, құрылтай құжаттарын орналастыру;

4) тиісті салық органының анықтамасында міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша салық берешегі мен берешегі туралы бір теңге және одан көп мөлшерде мәліметтердің болуы;

5) әлеуетті жеткізушінің міндеттемелерінің кемінде бір түрі бойынша банк анықтамасының немесе банк филиалының электрондық көшірмесінде мерзімі өткен берешегі болса;

6) осы Қағидалардың 12-тармағында көзделген ашық конкурсқа қатысуға байланысты шектеулері бар болса.

Комиссия банкроттық рәсімдерінің жүргізілуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған ақпаратты қарайды;

7) осы әлеуетті жеткізушінің бірінші басшыларының және (немесе) осы әлеуетті жеткізушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары жеткізушіні таңдау туралы шешім қабылдауға құқылы не өткізілетін сатып алуларда Тапсырыс берушінің өкілі болып табылады;

8) әлеуетті жеткізушінің конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы;

9) конкурстық құжаттамада көрсетілген елішілік құндылықтың талап етілетін көрсеткіштерінен төмен әрбір лот бойынша пайызбен (0-ден 100-ге дейін) көрсетілген ұсынылатын ТЖКҚ-дағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелер;

10) жалған ақпарат беру фактісі анықталса.

Конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасына дәйексіз ақпарат беру фактісін растайтын әлеуетті жеткізуші ұсынған ақпарат авторының ресми хаттарының электрондық көшірмелері қоса беріледі.

Қағидалардың осы тармағында көзделмеген негіздер бойынша конкурстық өтінімдерді қабылдамауға жол берілмейді.

Тапсырыс берушінің конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасында әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімін қабылдамау үшін негіз болған себептерді түсіндіре және құжаттарды көрсете отырып, осы тармақта көрсетілген конкурстық өтінімдерді қабылдамау үшін негіздер көрсетіледі.

11) Тапсырыс беруші мен төмендегілер арасында бұрын жасалған ТЖКҚ сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындамау немесе тиісті түрде орындамау фактісін растайтын сот шешімі күшіне енген мезеттен бастап жиырма төрт айдың ішінде конкурстық өтінімді қабылдамауға жол беріледі: осы конкурстық өтінімдерді ұсынған әлеуетті жеткізушілер, заңды тұлғалардың уақытша бірлестіктерінің (консорциумдардың) қатысушыларымен; қатысушысы, акционері немесе басшысы

конкурстық өтінімдерді ұсынған әлеуетті жеткізушілерді, заңды тұлғалардың уақытша бірлестіктерін (консорциумдарды) басқарумен, құрумен, жарғылық капиталына қатысумен байланысты заңды тұлғалармен.

Конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасына осындай сот шешімдерінің электрондық көшірмелері қоса беріледі;

12) Кодекстің 131-бабының 1-тармағында, 179-бабының 1-тармағында көзделген бағаны шартты түрде төмендету өлшемшартын есепке алмағанда, әлеуетті жеткізушінің конкурстық баға ұсынысы ТЖКҚ сатып алуға бөлінген соманың 80 % (сексен пайыздан) төмен болса;

13) егер сатып алу тауар өндірушілер арасында жүргізілсе, әлеуетті жеткізуші тауар өндіруші болып табылмаса;

14) әлеуетті жеткізуші мынадай болса:

Салық кодексіне сәйкес әрекетсіз деп танылса;

оны тіркелімі заңды күшіне енген сот актісі негізінде жарамсыз деп танылса;

оған қатысты заңды күшіне енген сот актісінде жалған белгілері бар қызметті жүзеге асыру, оның ішінде дұрыс емес шот-фактураларды пайдалану фактісі анықталса

Конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасына растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері қоса беріледі.

67. Конкурстық комиссия әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдерін қарау кезінде әлеуетті жеткізушінің қазақстандық ТЖКҚ өндіруші мәртебесіне сәйкестігін айқындау үшін осы Қағидалардың 46-тармағына сәйкес әлеуетті жеткізуші ұсынған мәліметтерді ескереді.

Әлеуетті жеткізуші оның қазақстандық ТЖКҚ өндіруші мәртебесіне сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынбаған кезде конкурстық комиссия мұндай әлеуетті жеткізушінің конкурстық баға ұсынысына Кодекстің 179-бабының 1-тармағына сәйкес бағаның шартты төмендеуін қолданбайды.

68. Тапсырыс берушінің конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімін ұзартуына байланысты әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімі құжаттардың қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты қабылданбайды.

69. Әлеуетті жеткізушінің техникалық ерекшелігінің конкурстық құжаттамада көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес келмеуі, егер неғұрлым жақсы функционалдық және басқа да сипаттамалары бар тауарлар мен қызметтер ұсынылса, сондай-ақ неғұрлым жақсы технологиялық шешімдер және (немесе) жұмыстарды үздік материалдардан орындау ұсынылса, конкурстық өтінімді қабылдамау үшін негіз болып табылмайды.

70. Конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасын Тапсырыс беруші тізілімде (жүйеде) қалыптастырады, тапсырыс берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қояды және Тізілімде (жүйеде) ақпаратты қалыптастыруға және орналастыруға уәкілетті

Тапсырыс берушінің тұлғасы тізілімнің (жүйенің) ашық бөлігінде орналастырады және мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптауышына сәйкес тапсырыс берушінің атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны;
- 3) Конкурстық комиссия мүшелерінің тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсете отырып, конкурстық комиссияның құрамы;
- 4) ашық конкурстың нысанасы (егер ашық конкурстың нысанасына бірнеше лоттар кірген жағдайда лоттардың атауы);
- 5) өлшем бірліктері мен шоттардың мемлекетаралық жіктеуішіне сәйкес сипаттама, өлшем бірлігі, әрбір лот бойынша сатып алынатын ТЖКҚ саны (көлемі);
- 6) конкурстық өтінімдерді ұсынған әлеуетті жеткізушілердің атауы (занды тұлғалар үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (жеке тұлғалар үшін), конкурстық өтінімдерді беру күні мен уақыты көрсетіле отырып;
- 7) өзінің конкурстық өтінімін кері қайтарып алған әлеуетті жеткізушілердің атауы (занды тұлғалар үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (жеке тұлғалар үшін);
- 8) әлеуетті жеткізушілердің ашылған конкурстық өтінімдерінің мазмұны туралы ақпаратты әрбір лот бойынша жеке-жеке;
- 9) конкурстық өтінімдері қабылданбаған әлеуетті жеткізушілердің атауы (занды тұлғалар үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (жеке тұлғалар үшін) оларды қабылдамау себебін көрсете отырып;
- 10) конкурстық өтінімдері ашық конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті жеткізушілердің атауы (занды тұлғалар үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (жеке тұлғалар үшін);
- 11) салыстыру рәсімінен өту үшін әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдерінен құжаттар тізбесі (конкурстық комиссияның шешімі бойынша).

Тапсырыс берушінің шешімі бойынша конкурстық комиссия мүшелерінде ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығына негізделген күмән туындаған кезде конкурстық рәсімдердің жеңімпазы құжаттарды салыстыру рәсімінен өту үшін конкурстық өтінімге қоса берілген құжаттардың барлық тізбесін ұсынады;

12) Конкурстық комиссия мүшесінің (мүшелерінің) конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген кездегі ерекше пікірі (бар болса);

13) сатып алу коды және тізілімнің (жүйенің) интернет-ресурсының адресі;

14) оның шеңберінде ТЖКҚ сатып алу жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың (келісімшарттардың) нөмірі (нөмірлері).

Конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасының қағаз және (немесе) электрондық данасына конкурстық комиссияның төрағасы және (немесе) Төрағаның орынбасары, хатшысы және конкурстық өтінімдерді қарау рәсімі кезінде қатысып отырған барлық мүшелері қол қояды.

71. Тапсырыс берушінің конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасының тізілімінде (жүйесінде) ақпаратты қалыптастыруға және орналастыруға уәкілетті тұлғасы ашық конкурсқа қатысуға рұқсат беру немесе бас тарту нәтижелері туралы мүдделі тұлғаларды хабарлау болып табылады.

72. Ашық конкурстың барлық лоттары бойынша әлеуетті жеткізушілер ұсынған конкурстық өтінімдер немесе тізілімде (жүйеде) қабылданбаған конкурстық өтінімдер болмағанда, ашық конкурсты өтпеді деп тану туралы шешім қабылданады және Қағидаларға 83 және 84-тармақтарға сәйкес тәртіппен ТЖКҚ сатып алу жөніндегі ашық конкурстың қорытындыларын шығару хаттамасы ресімделеді.

8-параграф. Ашық конкурстың қорытындысын шығару хаттамасын жасай отырып, ашық конкурстың жеңімпазын айқындау

73. Конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасы тізілімінің (жүйесінің) ашық бөлігінде, тізілімде (жүйеде) автоматты режимде қол қойылғаннан және орналастырылғаннан кейін конкурстық өтінімдері ашық конкурсқа қатысуға жіберілген ашық конкурстың әлеуетті жеткізушілерінің конкурстық баға ұсыныстарын ашу, сондай-ақ конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру жүзеге асырылады.

74. Егер ашық конкурстың әлеуетті жеткізушісінің конкурстық баға ұсынысының бағасы ашық конкурстың (лоттың) нысанасы болып табылатын ТЖКҚ сатып алуға бөлінген сомадан асып кетсе, ұсынылған конкурстық баға ұсыныстары тізілімде (жүйеде) қабылданбайды.

75. Ашық конкурстың шарттарына сәйкес келмейтін конкурстық баға ұсынысы қабылданбаған ашық конкурстың жалғыз әлеуетті жеткізушісі болған кезде мұндай әлеуетті жеткізуші жеңімпаз деп танылады.

76. Тізілімде (жүйеде) осы Қағидалардың 74-тармағында келтірілген шарт бойынша қабылданбаған конкурстық баға ұсыныстары бағаланады және салыстырылады және Кодекстің 179-бабының 1-тармағында көзделген бағаны шартты төмендету жөніндегі өлшемшартты ескере отырып, конкурстық баға ұсынысының ең төмен бағасы негізінде ашық конкурстың (лоттар бойынша) жеңімпазы айқындалады.

77. Ашық конкурстың жеңімпазын айқындау кезінде, Кодекстің 179-бабының 1-тармағында көзделген бағаны шартты төмендету жөніндегі критерийді қолдануды ескере отырып, ашық конкурстың әлеуетті жеткізушілерінің конкурстық баға ұсыныстарының бағасы тең болған кезде тауар өндірушіге және жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қазақстандық өндірушіге артықшылық беріледі.

78. Ашық конкурстың нысанасы болып табылатын сатып алынатын ТЖКҚ-да елішілік құндылығы бойынша ең жоғары пайызды ұсынған әлеуетті жеткізуші ашық конкурстың жеңімпазы болып танылады:

1) тауар өндірушілер және жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді қазақстандық өндірушілер болып табылатын Кодекстің 179-бабының 1-тармағында

көзделген бағаны шартты төмендету жөніндегі өлшемшартты қолдануды ескере отырып, ашық конкурстың әлеуетті жеткізушілерінің конкурстық баға ұсыныстары бағаларының теңдігі;

2) тауар өндірушілер және қазақстандық ТЖКҚ өндірушілері болып табылмайтын ашық конкурстың әлеуетті жеткізушілерінің конкурстық баға ұсыныстары бағаларының теңдігі.

79. Конкурстық өтінім ашық конкурстың әлеуетті жеткізушілерінің бұрын конкурстық өтінімдер тізілімінде (жүйесінде) келіп түскен әлеуетті жеткізуші ашық конкурстың жеңімпазы болып танылады:

1) 179-баптың 1-тармағында көзделген бағаның шартты төмендеуін және сатып алынатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі, ашық конкурстың нысанасы болып табылатын, ашық конкурстың әлеуетті жеткізушілері ұсынған, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қазақстандық өндірушілері болып табылатын елішілік құндылық бойынша міндеттемелердің пайыздық көрінісін ескере отырып, конкурстық баға ұсыныстарының теңдігі;

2) ашық конкурстың нысанасы болып табылатын, ашық конкурстың әлеуетті жеткізушілері ұсынған, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қазақстандық өндірушілер болып табылмайтын, сатып алынатын ТДҚ конкурстық баға ұсыныстарының және елішілік құндылық бойынша міндеттемелердің пайыздық көрінісінің теңдігі.

80. Ашық конкурсты Конкурстық комиссия өткізілмеген деп таниды:

1) ұсынылған конкурстық өтінімдердің болмауына байланысты;

2) әлеуетті жеткізушілердің барлық конкурстық өтінімдері немесе барлық конкурстық баға ұсыныстары ашық конкурс шарттарына сәйкес келмейтін ретінде қабылданғанда.

81. Егер ашық конкурс өтпеді деп танылса, Тапсырыс беруші мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) жаңа ашық конкурс өткізу туралы;

2) бір көзден алу тәсілімен ТЖКҚ сатып алу туралы.

82. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда осы Қағидалардың 6 тармағының бесінші және алтыншы бөліктерінің нормаларын қолданбай жаңа ашық конкурс өткізеді:

1) тауар өндірушілерден ұсынылған конкурстық өтінімдердің болмауы себебінен тауар өндірушілер арасында ашық конкурс өткізілмеді деп танылса;

2) жалғыз тауар өндірушінің шарт жасасудан бас тартуы не Тапсырыс беруші осы Қағидалардың 88-тармағының 10) тармақшасына сәйкес тауарды сатып алу туралы бір көзден алу тәсілімен шарт жасасу туралы ресми хат жібергеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермеген жағдайда.

Жаңа ашық конкурс өткізу кезінде тауарды сатып алу шарттары өткізілмеген ашық конкурстың, төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) конкурстық құжаттамасының талаптарына сәйкес келген жағдайда.

Жаңа ашық конкурс өткізу кезінде конкурстық құжаттамада тауар өндірушілерден ұсынылған конкурстық өтінімдердің жоқтығын және (немесе) жалғыз тауар өндірушінің шарт жасасудан бас тартқанын не Тапсырыс беруші осы Қағидалардың 88-тармағының 10) тармақшасына сәйкес тауарды сатып алу туралы бір көзден алу тәсілімен шарт жасасу туралы ресми хат жібергеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап ұсынбағанын растайтын құжаттар қамтылады.

83. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру қорытындылары бойынша шешім конкурстық баға ұсыныстарын ашқан күннен кешіктірілмей тізілімнің (жүйенің) ашық бөлігінде Тапсырыс берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған ТЖКҚ сатып алу жөніндегі ашық конкурстың қорытындыларын шығару хаттамасы түрінде қалыптастырылады және жарияланады.

84. Ашық конкурстың қорытындысын шығару хаттамасында мыналар қамтылады:

1) әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптауышына сәйкес тапсырыс берушінің атауы және орналасқан жері;

2) ашық конкурстың қорытындысын шығару күні, уақыты;

3) конкурстық комиссияның құрамы;

4) тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығына сәйкес ашық конкурстың нысанасы (ашық конкурстың нысанасына бірнеше лоттар кірген жағдайда лоттардың атауы);

5) конкурстық баға ұсыныстары тізілімде (жүйеде) ашылған ашық конкурстың әлеуетті жеткізушілерінің әкімшілік-аумақтық объектілерінің сыныптауышына сәйкес атауы және орналасқан жері (заңды тұлғалар үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және орналасқан жері (жеке тұлғалар үшін);

6) өлшем бірліктері мен шоттардың мемлекетаралық жіктеуішіне сәйкес сипаттама, өлшем бірлігі, әрбір лот бойынша сатып алынатын ТЖКҚ саны (көлемі);

7) конкурстық баға ұсыныстары осы Қағидалардың 74-тармағында келтірілген себеппен қабылданбаған ашық конкурстың әлеуетті жеткізушілерінің атауы (заңды тұлғалар үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты (жеке тұлғалар үшін), олардың конкурстық баға ұсыныстарының бағалары көрсетіле отырып;

8) Кодекстің 179-бабының 1-тармағында көзделген бағаны шартты төмендету критерийін қолдануды ескере отырып, ашық конкурстың әлеуетті жеткізушілерінің қабылданбаған конкурстық баға ұсыныстарының бағалары (лоттар бойынша);

9) орналасқан жерінің атауы мен мекенжайы (заңды тұлғалар үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес

орналасқан жері (жеке тұлғалар үшін), ашық конкурс жеңімпазының конкурстық баға ұсынысының бағасы (лоттар бойынша) және (немесе) егер ашық конкурс нәтижесінде жеңімпаз (лоттар бойынша) анықталмаса, себебін көрсету;

10) әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптауышына сәйкес орналасқан жерінің атауы мен мекенжайы (заңды тұлғалар үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және орналасқан жері (жеке тұлғалар үшін), ашық конкурс жеңімпазының конкурстық баға ұсынысынан кейін баға ұсынысы неғұрлым қолайлы болып табылатын екінші әлеуетті жеткізушінің конкурстық баға ұсынысының бағасы (лоттар бойынша);

11) ашық конкурс жеңімпазының конкурстық баға ұсынысынан кейін баға ұсынысы неғұрлым қолайлы болып табылатын жеңімпаздың және екінші әлеуетті жеткізушінің ұсынылатын тауарлардағы немесе жұмыстардағы немесе көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылығы бойынша әрбір лот бойынша пайызбен көрсетілген міндеттемелері (0-ден 100-ге дейін);

12) сатып алу коды және тізілімнің (жүйенің) интернет-ресурсының адресі;

13) оның шеңберінде ТЖКҚ сатып алу жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың (келісімшарттардың) нөмірі (нөмірлері).

85. Қорытындылар хаттамасы тізілімінің (жүйесінің) ашық бөлігінде қол қойылған және орналастырылған күннен кешіктірмей тізілімде (жүйеде) Тапсырыс беруші хабарлама қалыптастырады, ол жеңімпаздың электрондық мекенжайына жіберіледі және мыналарды қамтиды:

1) жеңімпаздың ТЖКҚ сатып алу туралы қол қойылған шартты ұсыну мерзімі;

2) ашық конкурсқа қатысу кезінде (бар болса) конкурстық өтінімнің құрамында ұсынылған құжаттардың электрондық көшірмелерімен салыстыру рәсімінен өту үшін конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасында көзделген құжаттардың түпнұсқаларының немесе нотариат куәландырған көшірмелерінің тізбесі;

3) ТЖКҚ сатып алу туралы шартқа қол қоюға уәкілетті тұлғаға берілген сенімхаттың (көшірменің) түпнұсқасын (егер шартқа бірінші басшы қол қоймаса) немесе бірінші басшыны тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесін (құрылтайшылар (акционерлер) шешімінің көшірмесін) ұсыну туралы талап.

Қағидалардың осы тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, ТЖКҚ сатып алу туралы қол қойылған шарт конкурстық құжаттамада көрсетілген Тапсырыс берушінің атына хабарлама жіберілген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылады.

Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті жеткізушілер үшін ТЖКҚ сатып алу туралы қол қойылған шартты және Қағидалардың осы тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынуға жол беріледі.

86. Уран өндіру саласындағы уәкілетті орган осы Қағидалардың ережелерін түсіндіреді. Әлеуетті жеткізуші осы Қағидалардың негізінде өткізілетін конкурстардың қорытындыларына сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

3-тарау. Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің бір көзден алу тәсілімен уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібі

87. Өткізілген ашық конкурстың, төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) қорытындылары бойынша бір көзден алу тәсілімен ТЖКҚ сатып алу келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

1) ашық конкурс, төмендетуге арналған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) өтпеді деп танылса:

төмендетуге ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) өткізу кезінде әлеуетті жеткізушілер ұсынған конкурстық баға ұсыныстарының болмауына байланысты;

әлеуетті жеткізушілердің барлық конкурстық өтінімдері немесе барлық конкурстық баға ұсыныстары ашық конкурстың, төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) шарттарына сәйкес келмейтін ретінде қабылданбаған кезде;

2) жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті жеткізуші және конкурстық баға ұсынысы ашық конкурс, қайтадан ашық конкурс, бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық), бағаны төмендетуге бағытталған қайтадан ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) (болған кезде) жеңімпазының конкурстық баға ұсынысынан кейін тәуірлеу болып табылатын екінші әлеуетті жеткізуші хабарламада белгіленген мерзімде ТЖКҚ сатып алу туралы шартты ұсынбаса немесе ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың ережелері шарт жобасына және (немесе) конкурстық баға ұсынысы жеңімпаздың конкурстық баға ұсынысынан кейін тәуірлеу болып табылатын екінші әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтініміне сәйкес келмесе;

3) сатып алу туралы шартқа, ТЖКҚ – ға қоса берілетін құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариат куәландырған көшірмелері ашық конкурсқа, төмендетуге арналған ашық конкурсқа (электрондық сауда-саттыққа) қатысу үшін ұсынылған құжаттардың электрондық көшірмелерімен салыстыру рәсімінен өтпеген немесе құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылмаған;

4) конкурстық баға ұсынысы ашық конкурс, төмендетуге арналған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) жеңімпазының конкурстық баға ұсынысынан кейін неғұрлым қолайлы болып табылатын жеңімпаз және екінші әлеуетті жеткізуші (бар болса), ТЖКҚ-ны сатып алу туралы шарт жасасқаннан кейін, егер оны енгізу конкурстық құжаттамада көзделсе, ТЖКҚ-ны сатып алу туралы шарттың, оның орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы конкурстық құжаттамада белгіленген талаптарды орындамады;

5) конкурстық баға ұсынысы жеңімпаздың конкурстық баға ұсынысынан кейін неғұрлым артықшылықты болып табылатын жеңімпаз және екінші әлеуетті жеткізуші (бар болса) осы Қағидалардың 129-тармағына сәйкес тауарды немесе жұмысты сатып алу туралы шарт жобасының құнының өзгеруіне байланысты тауарды немесе жұмысты сатып алу туралы шарт жасасудан бас тартады;

6) ТЖКҚ сатып алу туралы шарты тараптардың өзара келісімі бойынша жеткізушінің міндеттемелерді орындамауына байланысты бұзылады. Бір көзден сатып алу қорытындылары бойынша шарт осы Қағидалардың 89-тармағында көзделген талаптармен бұрын бұзылған шарт бойынша ТЖКҚ-ның орындалмаған көлеміне жасалады.

88. ТЖКҚ-ны бір көзден келесі тізбе бойынша сатып алуға жол беріледі:

1) төтенше жағдайлардың салдарын оқшаулау және (немесе) жою, аварияларды жою үшін, сондай-ақ уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде туындайтын радиациялық авариялардың, инциденттер мен ластанулардың салдарын жоюды қамтамасыз ету бойынша ТЖКҚ;

2) сатып алынатын ТЖКҚ-ға қатысты айрықша құқықтары бар адамда зияткерлік меншік объектілері болып табылатын ТЖКҚ.

Осы тармақ уран өндіру кезеңінде жер қойнауын пайдаланушылардың ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру мақсатында қолданылмайды;

3) олардың істен шығуы өндірістік циклдің тоқтауына әкелетін, жабдықтар, механизмдер, агрегаттар, шығыс материалдары істен шыққан кездегі ТЖКҚ.

Тапсырыс беруші бір көзден алу тәсілімен сатып алу қорытындыларының хаттамасына жабдықтың істен шығу актісін қоса береді;

4) өндірістік қуаттары қалдықтардың пайда болу көзінен ең аз орын ауыстыруын қамтамасыз ететін әлеуетті жеткізушіде шаруашылық қызмет процесінде түзілетін қалдықтарды қайта өңдеу және (немесе) жою және (немесе) орналастыру және (немесе) тасымалдау және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі жұмыстарды;

5) өндірістік қуаты моноқалаларда орналасқан және Тапсырыс берушінің кәсіпорны жалғыз қала құраушы кәсіпорын болып табылатын моноқалаларда тіркелген қазақстандық ТЖКҚ өндірушілерінің ТЖКҚ.

Моноқала тауарды жеткізу (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) орны болып табылады;

6) офтейк-келісімшарттар шеңберінде өндірілген, сондай-ақ осы тауарларды өндірушілерде осындай тауарларды өндіруге ілеспе тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер (шеф-монтаждау, монтаждау немесе іске қосу-реттеу жұмыстары), сондай-ақ "Өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабына сәйкес тауарлардың бекітілген тізбесі негізінде келісімшарттық сатып алу шарты шеңберіндегі тауарлар;

7) жобалау, жобалау алдындағы құжаттаманы әзірлеген жеткізушіден жобалау, жобалау алдындағы құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі қызметтерді сатып алу;

8) кепілдік қызмет көрсету кезеңінде техникалық сүйемелдеу үшін, лицензиялық бағдарламалық өнімдерді техникалық сүйемелдеу үшін ТЖКҚ;

9) сатып алынатын тауарды жеткізуді үш жылға бөле отырып, жер қойнауын пайдаланушылар үшін кемінде үш жыл мерзімге экономикалық орындылығы болған кезде оларды өндірушілерде қазақстандық тектес тауарлар.

Тауарлар "Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы берген "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификат және (немесе) индустриялық сертификат негізінде сатып алынады.

"СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификат болмаған кезде тауарды сатып алу туралы шарт "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы берген индустриялық сертификат және тауардың жеткізілуімен бірге елішілік құндылықтың болжамды үлесін көрсете отырып, "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификатты ұсыну туралы кепілдік хат негізінде жасалады.

Ескерту. 9) тармақша 01.01.2026 дейін қолданылады – осы бұйрықтың 2-тармағымен.

10) сатып алынатын тауарды жалғыз тауар өндірушінің ОТӨ тізілімінде, ол өндіретін тауар тапсырыс беруші белгілейтін техникалық сипаттамаларға сәйкес келген кезде болуы;

11) сатып алынатын Тауар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілмеген жағдайда, тауар өндірушіде шетелдік тауардың болуы. Шарт бес жылға дейінгі мерзімге жасалады және Қазақстан Республикасының аумағында өндірілуін қамтамасыз ете отырып, тауарды өндіруші ұсынған ұсынылатын тауарды оқшаулау бағдарламасын қамтиды;

12) жобалау, жобалау алдындағы құжаттаманы әзірлеген жеткізушіден кен орындарын игеруге талдау жасау жөніндегі қызметтерді сатып алу.

89. Осы Қағидалардың 87-тармағының 1) тармақшасына сәйкес бір көзден алу тәсілімен ТЖКҚ сатып алу кезінде ТЖКҚ сатып алу шарттары өткізілмеген ашық конкурстың, төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) конкурстық құжаттамасының талаптарына сәйкес келеді.

Тармақшаларға сәйкес бір көзден алу тәсілімен ТЖКҚ сатып алу кезінде 2), 3), 4), 5) және 6) осы Қағидалардың 87-тармағы бойынша ТЖКҚ сатып алу шарттары ашық

конкурстың, төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) конкурстық құжаттамасының талаптарына сәйкес келеді, оның қорытындысы бойынша бір көзден сатып алу жүзеге асырылады.

Осы Қағидалардың 89-тармағына сәйкес ТЖКҚ сатып алған кезде әлеуетті жеткізуші ТЖКҚ сатып алу туралы шартты жасар алдында тапсырыс берушіге осы Қағидалардың 87-тармағының 1) тармақшасына сәйкес өткізілмеген ашық конкурстың, төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) шарттарына немесе осы Қағидалардың 87-тармағының 2), 3), 4), 5), 6) тармақшаларына сәйкес бір көзден сатып алу жүзеге асырылған ашық конкурстың, төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) талаптарына сәйкес конкурстық өтінімді электрондық түрде ұсынады.

Конкурстық өтінімді әлеуетті жеткізушілер конкурстық құжаттама тілінде ұсынады. Әлеуетті жеткізуші конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжатты ұсынбайды (конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу туралы конкурстық құжаттамада талап болған кезде).

90. Осы Қағидалардың 6-тармағының 1) және 3) тармақшаларына сәйкес ТЖКҚ сатып алу кезінде осы Қағидаларды бұза отырып жүзеге асырылды, Тапсырыс беруші осы Қағидалардың 87-тармағына сәйкес бір көзден ТЖКҚ сатып алу тәсілін қолданбайды.

Өткізілмеген ашық конкурстың, төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) барлық әлеуетті жеткізушілері осы Қағидалардың 66-тармағының 6), 7), 10), 11), 13) және 14) тармақшаларына сәйкес қабылданбаған жағдайларды қоспағанда, Тапсырыс беруші өткізілмеген ашық конкурстың, өткізілмеген ашық конкурсқа, төмендетуге арналған ашық конкурсқа (электрондық сауда-саттыққа) қатыспаған жеткізушіден төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) қорытындылары бойынша бір көзден алу тәсілімен ТЖКҚ сатып алмайды.

91. Біртекті болып табылмайтын бір көзден алу тәсілімен ТЖКҚ-ны сатып алуды жүзеге асыру кезінде тапсырысшының осындай ТЖКҚ-ны лоттарға шығару хаттамасында міндетті түрде бөле отырып, көрсетілген тәсілмен ТЖКҚ-ны бірыңғай сатып алуды ұйымдастыруына және жүргізуіне жол беріледі.

Біртекті ТЖКҚ-ның бірнеше түрін бір көзден алу ТЖКҚ-ны олардың біртекті түрлері бойынша лоттарға бөлу арқылы жүзеге асырылады.

92. Бір көзден алу тәсілімен ТЖКҚ сатып алу қорытындыларын шығару хаттамасы қалыптастырылады және тапсырыс берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылады және тізілімде (жүйеде) ақпаратты қалыптастыруға және орналастыруға уәкілетті тапсырыс берушінің тұлғасы мәліметтерді көрсете отырып, ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жасалғаннан кейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей тізілімнің (жүйенің) ашық бөлігінде орналастырады:

1) әкімшілік-аумақтық объектілер жітеуішіне сәйкес Тапсырыс берушінің атауы мен орналасқан жері;

2) осы Қағидалардың 88-тармағына сәйкес ТЖКҚ-ны сатып алу кезінде бір көзден әдісті қолдану негіздемесінің электрондық көшірмесін қоса бере отырып, бір көзден алу тәсілімен ТЖКҚ-ны сатып алу үшін негіздемелер (егер ТЖКҚ-ны бір көзден алу тәсілімен сатып алу нысанасына бірнеше лоттар кірсе, әрбір лот бойынша);

3) тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығына сәйкес бір көзден алу тәсілімен сатып алу нысанасы (егер бір көзден сатып алу нысанасына бірнеше лоттар кірсе, лоттардың атауы мен нөмірі);

4) өлшем бірліктері мен шоттардың мемлекетаралық жіктеуішіне сәйкес сипаттамалар, өлшем бірліктері, әрбір лот бойынша сатып алынатын ТЖКҚ саны (көлемі);

5) тауарларды жеткізу немесе жұмыстарды орындау немесе әрбір лот бойынша қызметтер көрсету мерзімдері мен орындары;

6) әлеуетті жеткізушінің атауы;

7) әлеуетті жеткізуші ҚҚС есептемегенде теңгемен көрсетілген әрбір лот бойынша ұсынылатын ТЖКҚ-ға ұсынған бағалар;

8) ҚҚС есебінсіз теңгемен көрсетілген әрбір лот бойынша тауарды сатып алуға, жұмыстарды орындауға немесе қызметтер көрсетуге бөлінген сомалар;

9) әлеуетті жеткізушінің ұсынылатын ТЖКҚ-дағы елішілік құндылығы бойынша әрбір лот бойынша пайызбен көрсетілген міндеттемелері (0-ден 100-ге дейін);

10) сатып алу коды және тізілімнің (жүйенің) интернет-ресурсының адресі;

11) оның шеңберінде ТЖКҚ сатып алу жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың (келісімшарттардың) нөмірлері;

12) осы Қағидалардың 87-тармағына сәйкес қорытындылары бойынша бір көзден сатып алу жүргізілетін ашық конкурстың, төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) сатып алу коды;

13) жеткізушінің осы Қағидалардың 89-тармағының талаптарына сәйкес өткізілмеген ашық конкурстың, төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) конкурстық құжаттамасының талаптарына сәйкес келетін конкурстық өтінімі.

Тізілім (жүйе) қалыптастырған бір көзден ТЖКҚ сатып алу қорытындылары хаттамасының қағаз және (немесе) электрондық данасына тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі қол қояды.

4-тарау. Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен

көрсетілетін қызметтерді төмендетуге ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) тәсілімен сатып алу тәртібі

93. Конкурстық баға ұсыныстарын ұсыну және жеңімпазды айқындау рәсімдерін қоспағанда, ТЖКҚ-ны төмендетуге арналған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) тәсілімен сатып алу рәсімдері ашық конкурс рәсімдеріне сәйкес келеді.

94. Төмендетуге арналған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) тәсілімен ТЖКҚ сатып алуға қатысуға жіберілген әлеуетті жеткізушілер тізілімде (жүйеде) лотқа конкурстық баға ұсыныстарын ұсынады және оларға электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды.

Конкурстық баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі - егер конкурстық құжаттамада қысқа мерзім көзделмесе, конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасы тізілімінің (жүйесінің) ашық бөлігінде орналастырылған және тізілім (жүйе) әлеуетті жеткізушілерге баға ұсыныстарын орналастыруға жіберілген хабарламаны автоматты түрде жіберген сәттен бастап қырық сегіз сағат. Конкурстық баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі осы тармақтың соңғы абзацында жазылған талаптарды ескере отырып, Астана қаласының уақыты бойынша сағат 9-00-ден 20-00-ге дейінгі уақыт кезеңінде кемінде бес сағат болып белгіленеді.

Конкурстық өтінімдерді төмендетуге арналған Ашық конкурс тәсілімен қарау хаттамасы (электрондық сауда-саттық) "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және (немесе) мереке күндері түспейтін және үзілмейтін Сауда-саттықты өткізу үшін уақытты ескере отырып, жұмыс күндері тізілімнің (жүйенің) ашық бөлігінде орналастырылады.

Егер оның баға ұсынысы төмендетуге арналған сауда-саттықтың ағымдағы ең төмен бағасы болып табылса, әлеуетті жеткізуші бағаны төмендетуге ұсыныс ұсынбайды.

Әлеуетті жеткізушілер ұсынылатын ұсыныстардың санын шектемей, төмендетуге арналған сауда-саттыққа рұқсат беру рәсімінің қорытындылары бойынша берілген шартты жеңілдікті (тендер тәсілімен сатып алу кезінде) ескере отырып, сатып алу веб-порталы белгілейтін төмендету қадамы шегінде бағаны төмендетуге ұсыныстар береді.

Төмендетуге арналған Ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) тәсілімен ТЖКҚ-ны сатып алуға қатысуға жіберілген әлеуетті жеткізушілер Кодекстің 179-бабының 1-тармағында көзделген бағаны шартты төмендету жөніндегі өлшемшартты есепке алмағанда, ТЖКҚ-ны сатып алуға бөлінген соманың 80% - дан (сексен пайыздан) кем баға ұсыныстарын ұсынбайды.

95. Әлеуетті жеткізуші ұсынатын конкурстық баға ұсыныстарының саны шектелмейді, әлеуетті жеткізушінің өзінің баға ұсынысын төмендету жағына қарай бірнеше рет өзгерту мүмкіндігі бар.

96. Төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) әлеуетті жеткізушілерінің шартты бағаны ескере отырып, конкурстық баға ұсыныстарын және қатысушы әлеуетті жеткізушілердің санын олардың атауын көрсетпей-ақ көруге мүмкіндігі бар.

97. Егер сауда-саттық жабылғанға дейін үш минут ішінде әлеуетті жеткізушілердің бірі жаңа ең төменгі конкурстық баға ұсынысын енгізсе, сауда-саттықтың жабылу уақыты автоматты түрде он бес минутқа ұзартылады, бірақ үш реттен аспайды.

98. Конкурстық баға ұсыныстарының бағаларын бағалау және салыстыру тізілімде (жүйеде) жүзеге асырылады және Кодекстің 179-бабының 1-тармағында көзделген бағаны шартты төмендету жөніндегі критерийді ескере отырып, конкурстық баға ұсынысының ең төмен бағасы негізінде жеңімпаз айқындалады.

99. Кодекстің 179-бабының 1-тармағында көзделген бағаны шартты төмендету жөніндегі критерийді қолдануды ескере отырып, әлеуетті жеткізушілердің конкурстық баға ұсыныстары тең болған кезде, төмендетуге (электрондық сауда-саттыққа) ашық конкурс тәсілімен ТЖКҚ сатып алудың жеңімпазын айқындаған кезде тауар өндірушіге және жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді қазақстандық өндірушіге артықшылық беріледі.

100. Сатып алынатын ТЖКҚ-дағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелердің ең көп пайызын ұсынған, төмендеуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) нысанасы болып табылатын әлеуетті жеткізуші төмендеуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) жеңімпазы болып танылады:

1) тауар өндірушілер және жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді қазақстандық өндірушілер болып табылатын Кодекстің 179-бабының 1-тармағында көзделген бағаны шартты төмендету жөніндегі өлшемшартты қолдануды ескере отырып, әлеуетті жеткізушілердің конкурстық баға ұсыныстары бағаларының теңдігі;

2) тауар өндірушілер және жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді қазақстандық өндірушілер болып табылмайтын әлеуетті жеткізушілердің конкурстық баға ұсыныстары бағаларының теңдігі.

101. Конкурстық баға ұсынысы әлеуетті жеткізушілердің конкурстық баға ұсыныстарынан бұрын келіп түскен әлеуетті жеткізуші мына жағдайда төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) жеңімпазы болып танылады:

1) Кодекстің 179-бабының 1-тармағында көзделген бағаны шартты төмендету жөніндегі өлшемшартты қолдануды ескере отырып, конкурстық баға ұсыныстарының бағалары мен тауар өндірушілер және жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді қазақстандық өндірушілер болып табылатын әлеуетті жеткізушілер ұсынған жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді төмендетуге ашық конкурс (электрондық

сауда-саттық) тәсілімен сатып алу нысанасы болып табылатын, сатып алынатын ТЖКҚ-дағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелердің пайыздық көрінісі тең болған жағдайда;

2) әлеуетті жеткізушілер ұсынған, тауар өндірушілер және жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді қазақстандық өндірушілер болып табылмайтын, төмендетуге арналған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) тәсілімен ТЖКҚ сатып алу нысанасы болып табылатын сатып алынатын жұмыстарда немесе көрсетілетін қызметтерде конкурстық баға ұсыныстарының бағалары мен елішілік құндылығы бойынша міндеттемелердің пайыздық көрінісі тең болған жағдайда.

102. Төмендетуге арналған ашық конкурсты (электрондық сауда-саттықты) конкурстық комиссия өткізілмеген деп таниды:

1) ұсынылған конкурстық өтінімдердің, конкурстық баға ұсыныстарының болмауына байланысты;

2) әлеуетті жеткізушілердің барлық конкурстық өтінімдері немесе барлық конкурстық баға ұсыныстары төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) шарттарына сәйкес келмейтін ретінде қабылданбағанда.

103. Бағаны төмендетуге арналған ашық конкурс (электрондық сауда) өткізілмеді деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

1) төмендетуге арналған жаңа ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) өткізу туралы;

2) бір көзден алу тәсілімен ТЖКҚ сатып алу туралы.

104. Тапсырыс беруші төмендегідей жағдайларда осы Қағидалардың 6-тармағының бесінші және алтыншы бөліктерінің нормаларын қолданбай төмендетуге (электрондық сауда-саттыққа) жаңа ашық конкурс өткізеді:

1) тауар өндірушілерден ұсынылған конкурстық өтінімдердің болмауы себебінен тауар өндірушілер арасында төмендетуге арналған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) өтпеді деп танылады;

2) жалғыз тауар өндірушінің шарт жасасудан бас тартуы не тапсырыс беруші осы Қағидалардың 88-тармағының 11) тармақшасына сәйкес тауарды сатып алу туралы бір көзден алу тәсілімен шарт жасасу туралы ресми хат жібергеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермеуі.

Төмендетуге арналған жаңа ашық конкурсты (электрондық сауда-саттықты) өткізу кезінде ТЖКҚ сатып алу шарттары өткізілмеген ашық конкурстың, төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) конкурстық құжаттамасының талаптарына сәйкес келеді.

105. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру қорытындылары бойынша шешім мынадай мәліметтер көрсетіле отырып, конкурстық баға ұсыныстарын ұсынған соңғы күннен кешіктірмей тізілімнің (жүйенің) ашық бөлігінде тапсырыс берушінің тізілімде (жүйеде) ақпарат қалыптастыруға және орналастыруға уәкілетті

тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған, бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) тәсілімен ТЖКҚ сатып алудың қорытындысын шығару хаттамасы түрінде қалыптастырылады және орналастырылады:

1) әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптауышына сәйкес тапсырыс берушінің атауы және орналасқан жері;

2) төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) қорытындыларын шығару күні мен уақыты;

3) төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) мәні (егер төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) тәсілімен ТЖКҚ сатып алу нысанасына бірнеше лоттар кірген жағдайда лоттардың атауы);

4) конкурстық комиссияның құрамы;

5) сипаттама, өлшем бірліктері мен шоттардың мемлекетаралық жіктеуішіне сәйкес өлшем бірлігі, әрбір лот бойынша сатып алынатын ТЖКҚ саны (көлемі);

6) төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) әлеуетті жеткізушілерінің әкімшілік-аумақтық объектілерінің (жеке тұлғалар үшін) сыныптауышына сәйкес әкімшілік-аумақтық объектілердің (заңды тұлғалар үшін) жіктеушісіне сәйкес нақты орналасқан жерінің атауы мен мекенжайы немесе әкімшілік-аумақтық объектілердің (жеке тұлғалар үшін) сыныптауышына сәйкес заңды мекенжайы;

7) Кодекстің 179-бабының 1-тармағында көзделген бағаны шартты төмендету критерийін қолдануды ескере отырып, әлеуетті жеткізушілердің төмендетуге (электрондық сауда-саттыққа) арналған конкурстық баға ұсыныстарының бағалары (лоттар бойынша);

8) ашық конкурс жеңімпазының (лоттар бойынша) атауы (заңды тұлғалар үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (жеке тұлғалар үшін) және конкурстық баға ұсынысының бағасы (лоттар бойынша) немесе егер нәтижесінде жеңімпаз анықталмаса, себебін көрсету (лоттар бойынша);

9) ашық конкурс жеңімпазының төмендетуге (электрондық сауда-саттыққа) (лоттар бойынша) конкурстық баға ұсынысынан кейін баға ұсынысы неғұрлым қолайлы болып табылатын екінші әлеуетті жеткізушінің атауы (заңды тұлғалар үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (жеке тұлғалар үшін);

10) ТЖКҚ-дағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелер;

12) сатып алу коды және тізілімнің (жүйенің) интернет-ресурсының адресі;

106. Қорытындылар хаттамасы тізілімінің (жүйесінің) ашық бөлігінде қол қойылған және орналастырылған күннен кешіктірмей тізілімде (жүйеде) тапсырыс беруші хабарлама қалыптастырады, ол жеңімпаздың электрондық мекенжайына жіберіледі және мыналарды қамтиды:

1) жеңімпаздың ТЖКҚ сатып алу туралы қол қойылған шартты ұсыну мерзімі;

2) ашық конкурсқа қатысу кезінде (бар болса) конкурстық өтінімнің құрамында ұсынылған құжаттардың электрондық көшірмелерімен салыстыру рәсімінен өту үшін конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасында көзделген құжаттардың түпнұсқаларының немесе нотариат куәландырған көшірмелерінің тізбесі;

3) ТЖКҚ сатып алу туралы шартқа қол қоюға уәкілетті тұлғаға берілген сенімхаттың түпнұсқасын (көшірмесін) ұсыну туралы шарт (егер шартқа бірінші басшы қол қоймаса) немесе бірінші басшыны тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі (құрылтайшылар (акционерлер) шешімінің көшірмесі).

Қағидалардың осы тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, ТЖКҚ сатып алу туралы қол қойылған шарт конкурстық құжаттамада көрсетілген Тапсырыс берушінің атына хабарлама жіберілген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылады.

Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті жеткізушілер үшін ТЖКҚ сатып алу туралы қол қойылған шартты және Қағидалардың осы тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынуға жол беріледі.

5-тарау. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету

107. ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді жеңімпаз конкурстық құжаттамада көзделген жағдайларда онымен жасалған ТЖКҚ сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы, толық және тиісінше орындайтынына кепілдік ретінде енгізеді.

Егер конкурстық құжаттамада және шарттың жобасында неғұрлым ұзақ мерзім көзделмесе, шарттың орындалуын қамтамасыз ету ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде енгізіледі.

Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін жеңімпаздың ТЖКҚ сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы жағдайлары алып тастауды құрайды.

108. Тапсырыс берушінің ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін осы шарт сомасының үш пайызынан астамын белгілеуіне жол берілмейді.

109. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету мынадай тәсілдердің бірімен енгізіледі:

1) тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;

2) Қазақстан Республикасының бір немесе бірнеше екінші деңгейдегі банктерінің банктік кепілдігі.

Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу тәсілін таңдауды ТЖКҚ жеткізушісі жүзеге асырады.

110. Жеткізуші үшінші тұлғаларда шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін енгізілген кепілдік ақшалай жарнаға тұтастай не бір бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасамайды.

111. Тапсырыс беруші шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін жеткізуші енгізген кепілдік ақшалай жарнаны пайдаланбайды.

112. Осы Қағидалардың осы тарауында көзделген ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы ережелер мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктеріне қолданылмайды.

Тапсырыс берушінің сатып алынатын тауарды тауар өндірушілер арасында сатып алуды жүргізу кезінде тауарды сатып алу үшін конкурстық құжаттамада көзделген сомадан шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін 1% - дан (бір пайыздан) артық белгілеуіне жол берілмейді.

113. Жеткізуші ТЖКҚ сатып алу туралы жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, ТЖКҚ шартын орындауды қамтамасыз ету Тапсырыс беруші тарапынан қайтарылмайды.

114. Жеткізушісі ТЖКҚ-ды сатып алу туралы жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған кезде, Тапсырыс беруші ТЖКҚ шартын орындауды қамтамасыз ету сомасынан шартта көзделген айыппұл (айыпақы) сомаларын ұстап қалады.

Қалған сома шартта көзделген ТЖКҚ-ды қабылдау-тарихтау актідеріне қол қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жеткізушіге қайтарылады.

115. Тапсырыс беруші, егер ол өзімен жасалған ТЖКҚ сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы, толық және тиісінше орындағанда, өзі енгізген ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді жеткізушіге он жұмыс күні ішінде қайтарады.

6-тарау. Әлеуетті жеткізушілер ашық конкурсқа, ашық төмендету конкурсына (электрондық сауда-саттыққа) қатысуға конкурстық өтінім құрамында олардың сәйкестігі тұрғысынан ұсынған құжаттарды салыстыру

116. Құжаттарды салыстыру рәсімі конкурстық комиссия мүшелерінде ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығына негізделген күмән туындаған кезде Тапсырыс берушінің шешімі бойынша жүргізіледі.

117. Ашық конкурстың, төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) жеңімпазы деп танылған әлеуетті жеткізуші, осы Қағидалардың 106 – тармағына сәйкес хабарлама жіберілген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен немесе 7 (жеті) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде (Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті жеткізушілер үшін) тапсырыс беруші конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасында көрсеткен ашық конкурсқа, ашық төмендету конкурсына (электрондық сауда-саттыққа) қатысуға конкурстық өтінімнің құрамында өзі орналастырған

құжаттардың түпнұсқаларын немесе нотариалды куәландырылған көшірмелерін салыстыру рәсімі үшін ұсынады.

118. Құжаттардың түпнұсқаларын және (немесе) нотариалды куәландырылған көшірмелерін Конкурстық комиссия әлеуетті жеткізуші құжаттарды ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде конкурстық өтінім құрамында әлеуетті жеткізуші ұсынған олардың электрондық көшірмелеріне сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Конкурстық құжаттамада және осы Қағидалардың 41-тармағында көзделмеген қосымша құжаттарды әлеуетті жеткізуші ашық конкурсқа, төмендетуге арналған ашық конкурсқа (электрондық сауда-саттыққа) қатысу үшін ұсынылған құжаттардың электрондық көшірмелерімен салыстыру рәсімі үшін ұсынбайды.

119. Тапсырыс беруші салыстыру рәсімінен өту үшін әлеуетті жеткізушілерге ұсынылған құжаттарды қайтарады. Бұл ретте, Тапсырыс беруші салыстырып тексеру рәсімінен өту үшін әлеуетті жеткізушілерге ұсынылған құжаттардың көшірмелерін қалдыруға құқылы.

120. Құжаттарды салыстыру қорытындылары бойынша шешім осы Қағидалардың 118-тармағында көрсетілген мерзім өткен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей тізілімнің (жүйенің) ашық бөлігінде мәліметтерді көрсете отырып, тізілімде (жүйеде) ақпаратты қалыптастыруға және орналастыруға уәкілетті тапсырыс берушінің тұлғасы электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойған құжаттарды салыстыру хаттамасы түрінде қалыптастырылады және жарияланады:

1) әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптауышына сәйкес тапсырыс берушінің атауы және орналасқан жері;

2) ашық конкурстың, төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) нысанасы (егер төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) тәсілімен ТЖКҚ сатып алу нысанасына бірнеше лоттар кірсе және салыстыру бірнеше лоттар бойынша жүргізілсе, лоттардың атауы);

3) конкурстық комиссияның құрамы;

4) ашық конкурс, төмендетуге арналған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) жеңімпазының атауы;

5) жеңімпаз ұсынған құжаттардың тізбесі;

6) салыстыру рәсімінің қорытындысын шығару;

7) сатып алу коды және реестрдің интернет-ресурсының мекенжайы (жүйенің).

7-тарау. Уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды , жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт

121. ТЖКҚ сатып алу туралы шарт конкурстық құжаттамада қамтылған ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың жобасына және жеңімпаздың конкурстық өтініміне сәйкес жасалады.

122. ТЖКҚ сатып алу туралы шартта ашық конкурстың немесе төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) жеңімпазы ҚҚС төлеуші болып табылмайтын немесе жеткізілетін тауар, орындалатын жұмыс, көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҚҚС салынбайтын жағдайларды қоспағанда, ашық конкурстың немесе төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) жеңімпазы оған ҚҚС есептей отырып ұсынған бағаны қамтиды.

123. Тапсырыс беруші ашық конкурстың, төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) жеңімпазына, егер ашық конкурстың, төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) жеңімпазы болып айқындалған әлеуетті жеткізуші осындай бас тартуға негіз болған себептерді түсіндіре отырып, ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жасасудан (орындаудан) бас тартуды қамтитын хабарлама жібереді:

хабарламада белгіленген мерзімде ТЖКҚ сатып алу туралы шартты ұсынбаған немесе ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың ережелері ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жобасының және (немесе) жеңімпаздың конкурстық өтінімінің талаптарына сәйкес келмейді;

сатып алу туралы шартқа, ТЖКҚ-ға қоса берілетін құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариат куәландырған көшірмелері ашық конкурсқа, төмендетуге арналған ашық конкурсқа (электрондық сауда-саттыққа) қатысу үшін ұсынылған құжаттардың электрондық көшірмелерімен салыстыру рәсімінен өтпеген немесе құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынған;

ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жасасқаннан кейін ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы конкурстық құжаттамада белгіленген талаптарды орындамады (егер Шарттың орындалуын қамтамасыз ету конкурстық құжаттамада көзделсе).

124. Шарт жасасудан (орындаудан) бас тартуды қамтитын Тапсырыс берушіні хабардар ету осы Қағидалардың 85, 106, 116, 117, 118, 119, 120 және 123-тармақтарында көзделген тәртіппен жеңімпаздың конкурстық баға ұсынысынан кейін конкурстық баға ұсынысы неғұрлым қолайлы болып табылатын екінші әлеуетті жеткізушімен ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жасасу үшін негіз немесе жаңа ашық конкурс, төмендетуге арналған ашық конкурс өткізу үшін негіз болып табылады (электрондық сауда-саттық).

125. Ашық конкурс немесе төмендетуге арналған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) тәсілімен ТЖКҚ сатып алу туралы шарт қорытындылар туралы хаттамада көрсетілген, бірақ қорытындылар туралы хаттамаға немесе құжаттарды салыстыру хаттамасына қол қойылған күннен бастап жиырма бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жасалады.

Егер ТЖКҚ сатып алу бірнеше лот бойынша жүргізілген болса, ТЖКҚ сатып алу туралы шарттардың жобаларын тапсырыс беруші әрбір лотқа жеке жасайды.

Әлеуетті жеткізуші бірнеше лоттар бойынша жеңімпаз деп танылған кезде лоттарды лоттар бойынша жеке техникалық ерекшеліктерге міндетті түрде бөле отырып (әрбір лотқа шартқа қосымшалар жеке) бірыңғай шарт жасасуға жол беріледі.

126. Қазақстан Республикасының бейрезидентімен ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жасалғанда Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының, Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы Заңнамасының және осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып, өзі ұсынатын нысанда ТЖКҚ сатып алу туралы шартты ресімдеуге жол беріледі.

127. ТЖКҚ сатып алу туралы шартта мыналар қамтылады:

1) жұмыстарды орындауға арналған шартты орындау кезінде мердігердің осы қағидаларды сақтау жөніндегі міндеттемесі;

2) жұмыстарды орындауға арналған шартты орындау кезінде мердігердің осы Қағидаларды сақтамағаны үшін жауаптылығы;

3) ТЖКҚ сатып алу қорытындыларын шығару хаттамасына сәйкес жеткізушінің ТЖКҚ-дағы елішілік құндылығы жөніндегі міндеттемесі;

4) ТЖКҚ сатып алу қорытындыларын шығару хаттамасына сәйкес ТЖКҚ-дағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жеткізушінің жауапкершілігі;

5) тауарларды, көрсетілген қызметтерді, орындалған жұмыстарды қабылдау-беру (объектіні пайдалануға қабылдау) актісіне қол қойылған күннен бастап 40 (қырық) жұмыс күнінен кешіктірмей жеткізілген тауарға (орындалған жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге) ақы төлеу туралы шарт;

Бұл ретте, тауар өндірушілерге жеткізілген қазақстандық тауар үшін, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қазақстандық жеткізушілерге ақы төлеу тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау-беру актілеріне қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі;

6) егер шарт сатып алынатын тауарды өндірушімен жасалса, шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмей төленетін шарт сомасының кемінде 30% (отыз пайызы) мөлшерінде алдын ала төлеуді көздейтін талап.

Тауарды сатып алу туралы шартта тапсырыс берушіге тауар өндірушілер тарапынан алдын ала төлемді қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну туралы талаптар жоқ;

7) тапсырыс берушінің тауарларды (көрсетілген қызметтерді, орындалған жұмыстарды) қабылдау-беру актілеріне қол қою туралы талабы немесе егер ТЖКҚ қабылданбаған болса, тапсырыс беруші актілерді алған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде Шарт талаптарын бұзушылықтарды жою туралы талап қоюы.

Тапсырыс берушінің тауарларды (көрсетілген қызметтерді, орындалған жұмыстарды) қабылдау-беру актілеріне қол қоймауы және Қағидалардың осы тармақшасында белгіленген мерзімде ТЖКҚ сатып алу туралы шарт талаптарын бұзушылықтарды жою туралы талаптар қоймауы, тауарды (көрсетілген қызметтерді, орындалған жұмыстарды) қабылдау-беру актілеріне Тапсырыс беруші қол қойған болып есептеледі;

8) жеткізушінің өтініші бойынша, егер орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерге қатысты негізделген ескертулер болмаса, жұмыстар мен қызметтер жеткізушісіне оң пікір немесе ұсыным хат беруге міндеттеме.

9) Қазақстан Республикасының резиденті емес мердігерлердің Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде осындай мердігер жүзеге асыратын жобаларда жұмыстарды орындау және (немесе) қызметтер көрсету үшін Қазақстан Республикасының резиденттерін тарту жөніндегі міндеттемесі;

10) конкурстық құжаттамада көзделген өзге де құқықтар мен міндеттер.

Осы тармақтың ережелері осы Қағидалардың 6-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген ТЖКҚ сатып алу тәсілдеріне қолданылады.

128. Тапсырыс беруші Қазақстандық тауар өндірушімен ТЖКҚ -ді сатып алу туралы шарт жасасқан кезде, шарттың ережелерінде жеткізуші тарапынан тауардың шығу тегін растайтын "СТ-KZ" нысанындағы сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсыну талабы көзделуі мүмкін, ол тауардың Қазақстан Республикасының аумағында өндірілгенін және сатып алынатын тауардың номенклатурасына сәйкес келетінін растайды.

Осы ретте, сертификат немесе қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен алынған үзіндіде шарт бойынша жеткізілетін тауар көлемінен кем емес тауар көлемі көрсетілуі тиіс.

Тапсырыс беруші Қазақстандық өндірушімен жұмыстарды немесе қызметтерді сатып алу туралы шарт жасасқан кезде, шарттың ережелерінде жеткізуші тарапынан сатып алынатын ТЖКҚ және олардың ішкі елдік үлесі туралы есепті ұсыну талабы көрсетіледі.

129. Тауарды немесе жұмысты сатып алу туралы шарттың жобасына өзгерістер Тараптардың өзара келісімі бойынша ТЖКҚ бағасының өзгеруі бөлігінде және тиісінше тауарды немесе жұмысты сатып алу туралы шарт жобасының сомасы, ұлттық валютаны (теңгені) девальвациялау (ревальвациялау) кезінде, әлеуетті жеткізуші жеңімпаз болып айқындалған күннен бастап және тауарды немесе жұмысты сатып алу туралы шартқа қол қойылған күнге дейін енгізіледі.

Егер конкурстық өтінімдер ашылған күннен бастап тауарды немесе жұмысты сатып алу туралы шартқа қол қойылған күнге дейінгі кезеңде шетел валютасына қатысты теңгенің ресми бағамы он пайыздан астамға өзгерсе, тапсырыс беруші мен әлеуетті жеткізуші өзара келісім бойынша тауарды немесе жұмысты сатып алу туралы шартқа

қол қойылған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (Қазақстан Ұлттық Банкі) белгілеген теңгеге шетел валютасының ағымдағы бағамы бойынша төленуге жататын соманы қайта есептеуді жүргізеді.

Бұл ретте әлеуетті жеткізуші тапсырыс берушіге тауарды сатып алу туралы шарт жобасының немесе жұмыстың бағасын ұлғайту немесе төмендету негіздемесін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, тауарды жеткізуге, жұмыстарды орындауға арналған шығындардың ұлғаюына немесе қысқартылуына әсер ететін факторларды және (немесе) өндіруге арналған шығындардың егжей-тегжейлі калькуляциясын көрсете отырып ұсынады.

130. Жеткізушіні таңдау үшін негіз болған сапаның және басқа да талаптардың өзгермеуі шартымен ТЖКҚ сатып алу туралы жасалған шартқа өзгеріс енгізу Тараптардың өзара келісімі бойынша жүзеге асырылады:

1) осы тауарды сатып алу туралы жасалған шартта көрсетілген тауар бірлігі үшін баға өзгермеген жағдайда сатып алынатын тауарлар көлеміне қажеттіліктің ұлғаюына байланысты шарттың жалпы сомасының он пайызынан аспайтын шарттың сомасын ұлғайту бөлігінде;

2) сатып алынатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер көлеміне қажеттілікті ұлғайтуға байланысты шарттың жалпы сомасының он пайызынан аспайтын шарттың сомасын ұлғайту бөлігінде.

Осы Қағидалардың 125-тармағына сәйкес бірнеше лот бойынша әлеуетті жеткізушімен ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жасасу кезінде ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың құнын әрбір лот бойынша он пайыздан аспайтын ұлғайтуға жол беріледі;

3) тауарларды, жұмыстарды сатып алу туралы шарт жасалған күннен кейін ұлттық валютаны (теңгені) девальвациялау (ревальвациялау) кезінде тараптардың келісімі бойынша тауарларды немесе жұмыстарды сатып алу туралы шарттың бағасын өзгерту бөлігінде.

Егер тауарды немесе жұмысты сатып алу туралы шарт бойынша төлем жасалған кезде теңгенің шетел валютасына қатысты ресми бағамы он пайыздан астамға өзгерген болса, тапсырыс беруші мен жеткізуші өзара келісім бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (Қазақстан Ұлттық Банкі) белгілеген шетел валютасының теңгеге ағымдағы бағамы бойынша төленуге жататын соманы төлем күніне мөлшерлес қайта есептеуді жүргізеді.

Бұл ретте жеткізуші тапсырыс берушіге тауарды сатып алу туралы шарттың немесе жұмыстың құнын ұлғайту немесе азайту негіздемесін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өндіріске арналған шығындардың және (немесе) тауарды жеткізуге, шарттың орындалмаған көлемінің бір бөлігіне жұмыстарды орындауға арналған шығындардың ұлғаюына немесе қысқаруына әсер ететін факторлардың егжей-тегжейлі калькуляциясын көрсете отырып ұсынады;

4) елеулі болып табылмайтын жағдайлар бөлігінде;

5) валюталық реттеу туралы қолданыстағы заңнаманың талаптарына негізделген тауарды (тауарларды) уақтылы жеткізбеген, жұмысты (жұмыстарды) орындаған, қызметті (қызметтерді) көрсеткен жағдайда, Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын ТЖКҚ берушімен жасалған шарттың қолданылу мерзімін өзгерту бөлігінде;

6) тауар өндіруші өндірген, сатып алынатын тауарды өндіру үшін қажетті тауарды жеткізу мерзімін ұлғайту бөлігінде;

7) тауарды өндіру үшін қажетті шикізат және (немесе) жинақтауыштар құнының, сондай-ақ тауардың бағасына әсер ететін тарифтердің елеулі өзгеруінен туындаған тауар бағасының азаюы немесе ұлғаюы салдарынан қазақстандық тауар өндірушімен жасалған тауарларды жеткізуге арналған шарт сомасының азаюы немесе ұлғаюы бөлігінде;

8) табиғи монополиялар субъектілерімен не мемлекеттік монополия субъектілерімен олардың қызметінің негізгі мәні бойынша;

9) лизингтік төлемдер мөлшерінің, сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне, шарт сомасының индекстелуіне байланысты қаржы лизингі шарты сомасының өзгеруі бөлігінде;

10) тараптардың келісімі бойынша тиісті кезеңге айқындалған инфляция деңгейін негізге ала отырып, бір қаржы жылынан астам кезеңге жасалатын ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың бағасын жыл сайынғы өзгерту бөлігінде.

Осы тармақтың ережелері осы Қағидалардың 6-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген ТЖКҚ сатып алу тәсілдеріне қолданылады.

131. ТЖКҚ сатып алу туралы шарт мына жағдайларды қоспағанда, бір қаржы жылынан аспайтын мерзімге жасалады:

1) жобалау-сметалық құжаттамада көзделген жұмыстарды келесі (кейінгі) қаржы жылында (жылдарында) аяқтау мерзімімен сатып алу;

2) дайындаудың технологиялық мерзімінің ұзақтығы оларды келесі (кейінгі) қаржы жылында (жылдарында) жеткізуге негіз болатын активтер мен басқа да тауарларды сатып алу;

3) орындау (көрсету, жеткізу) мерзімі орындалу ұзақтығына байланысты жұмыс бағдарламасында белгіленген келесі (кейінгі) қаржы жылында (жылдарында) шартталған ТЖКҚ сатып алу;

4) ТЖКҚ сатып алудың орта мерзімді бағдарламасында көзделген ТЖКҚ сатып алу.

132. Тапсырыс беруші ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде тізілімнің жабық бөлігінде ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың электрондық көшірмесін орналастырады. Егер тапсырыс беруші сатып алуды жүргізу үшін жүйені пайдаланса, ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың электрондық көшірмесін тапсырыс беруші жүйеде және тізілімде орналастырады.

133. ТЖКҚ сатып алу туралы шарт Тапсырыс беруші мен жеткізуші көрсетілген шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда орындалды деп есептеледі.

134. Заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру кезінде қаржылық міндеттемелерді және (немесе) құқықтық мирасқорлық тәртібімен құқықтар мен міндеттердің ауысуын қоспағанда, шарт бойынша міндеттемелерді орындауды талап ету құқығы (талапты басқаға беру), сондай-ақ шарт бойынша міндеттемелерді үшінші тұлғалардың орындау құқығы берілмейді.

Жер қойнауын пайдаланушылардың
және олардың мердігерлерінің
уран өндіру жөніндегі операцияларды
жүргізу кезінде пайдаланылатын
тауарларды, жұмыстарды және
көрсетілетін қызметтерді сатып
алу қағидаларына
1-қосымша

Уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тізбесі

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 179-бабының 1-тармағының 1), 2), 3) және 5) тармақшаларының нормаларын қолданбай мыналар сатып алынады:

1) еңбек шарттары бойынша жеке тұлғалар немесе кәсіпкерлік субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалар өтеулі қызмет көрсету шарттары бойынша көрсететін қызмет;

2) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлесін сатып алу;

3) заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы акциялардың пакеттері (қатысу үлестері);

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған лицензиялардың негізінде жүзеге асыратын банк операцияларын жүргізумен байланысты, оның ішінде банктің үзінді көшірмелерін алумен байланысты қаржы қызметтері;

5) коммуналдық қызмет көрсету;

6) өкілдік шығыстармен байланысты ТЖКҚ;

7) егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелердің қызмет көрсетуі;

8) соттардағы, төреліктердегі және аралық соттардағы дауларды шешумен байланысты алымдарды, басқа шығыстарды төлеу;

9) қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі қызмет көрсету;

- 10) мүлікті сенімгерлікпен басқару қызметі;
- 11) жылжымайтын мүлікті жалға алу қызметі немесе жылжымайтын мүлікті сатып алу;
- 12) табиғи монополия субъектілерінен реттелмелі ТЖКҚ;
- 13) мемлекеттік монополия субъектісінен оның көрсетілетін қызметінің негізгі нысанасы бойынша ТЖКҚ;
- 14) медициналық қызмет көрсетулер;
- 15) мүгедектердің республикалық қоғамдық бірлестіктермен құрылған және сатып алынатын ТЖКҚ шығаратын ұйымдардан ТЖКҚ;
- 16) көрмелердің, семинарлардың, конференциялардың, кеңестердің, форумдардың, симпозиумдардың, тренингтердің материалдары, сондай-ақ көрсетілген іс-шараларға қатысқаны үшін ақы төлеу;
- 17) қағаздағы және (немесе) электрондық жеткізгіштердегі мерзімді баспасөз басылымдары, ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру жөніндегі көрсетілетін қызмет, сондай-ақ интернет-ресурстарда, дыбыстандырылған кітаптарда шығарылған, әр түрлі магниттік жеткізгіштерде, рельефтік-нүктелік қаріппен басылған кітаптарда орналастырылған ақпаратты ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызмет;
- 18) жер қойнауын пайдаланушы қызметкерлерінің, олардың балаларының, жер қойнауын пайдаланушының есебінде тұрған зейнеткерлердің демалысын, емделуін ұйымдастырумен байланысты қызмет (демалу, емделу орындарына дейін тасымалдауды және алып жүруді қоса);
- 19) рейтингтік агенттіктердің қызмет көрсетуі, қаржылық қызмет көрсету;
- 20) мамандырылған кітапханалардың қызмет көрсетуі;
- 21) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес сауда-саттықта (аукциондарда) сатылатын мүлік (активтер);
- 22) ТЖКҚ сатып алудың үндестірілген электрондық жүйесін пайдалану қызметі;
- 23) азық-түлік және (немесе) тамақтандыруды ұйымдастыру қызметі;
- 24) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты орындау кезінде тартылған, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын қызметкерлерді оқыту, біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттық міндеттемелерін орындау немесе жер қойнауын пайдаланушының қызметкерлері болып табылмайтын Қазақстан Республикасының азаматтарын аса қажетті мамандықтар тізбесі бойынша оқыту үшін білім беру мекемелерінің қызмет көрсетуі;
- 25) дәрілік заттар және медициналық жабдықтар;
- 26) нотариаттық қызметтер;
- 27) телефон, ұялы, спутниктік және радио байланыс, интернетке қосылу қызметі;

28) геология және игеру саласында арнайы білімі бар тәуелсіз сарапшылардың және Кодекстің 183-1 бабына сәйкес Қазақстан Республикасының уран кен орындарын игеру жөніндегі орталық комиссиясы тартатын қызмет көрсетуі;

29) Кодекстің 141-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының уран қорлары жөніндегі орталық комиссиясы тартатын, геология және жер қойнауын пайдалану саласында арнайы білімі бар тәуелсіз сарапшылардың қызмет көрсетуі;

30) авторлық қадағалау қызметі;

31) ТЖКҚ, егер тиісті күнтізбелік жылға арналған жылдық және (немесе) орта мерзімді сатып алу жоспарында көзделген ТЖКҚ біртекті түрлерінің жалпы сомасы құндық көріністе тиісті қаржы жылына белгіленген бес жүз еселік АЕК мөлшерінен аспаса;

32) хат алысу және қағаз құжаттаманы ресімдеу үшін пайдаланылатын бұйымдар мен керек-жарақтарды қамтитын кеңсе тауарлары;

33) тапсырыс берушінің шаруашылық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті шаруашылық-тұрмыстық мақсаттағы ТЖКҚ (бөлмелерді тазалықта ұстау, кір жуу, бөлмелерді шағын жөндеу, әкімшілік-шаруашылық аумақты тазалау);

34) бөтен жер учаскесін шектеулі түрде мақсатты пайдалану құқығы (сервитут);

35) электр энергиясы және электр энегиясын сатып алумен ілеспе қызметтер көрсету;

36) Кодекстің 6-тарауына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы операторды тартқан жағдайда, оның ақылы көрсетілетін қызметтерін сатып алу;

37) осы Қағидаларға сәйкес уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушының (мердігердің) атынан ТЖКҚ сатып алуды жүзеге асыру бойынша жеке немесе заңды тұлғаның қызмет көрсетуі;

38) банктер немесе ұйымдар болып табылмайтын, Қазақстан Респуликасының заңнамасына сәйкес алынған лицензиялардың негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардан ақылылық және қайтарымдылық шарттарымен қарыз алу;

39) жылдық бөлінген сомасы тиісті қаржы жылына белгіленген жүз мың еселік АЕК аспайтын мердігерлердің жұмысы немесе көрсетілетін қызметі;

40) теміржол көлігінде жол жүру құжаттарын (билеттерді) және авиабилеттерді ресімдеу мен сату жөніндегі қызмет көрсету;

41) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 127-бабына сәйкес іссапар шығыстарын өтеу;

42) Жер учаскерлерін қалыптастыру бойынша жерге орналастыру процесін жасау жөніндегі ТЖКҚ.

Жер қойнауын пайдаланушылардың
және олардың мердігерлерінің
уран өндіру жөніндегі операцияларды
жүргізу кезінде пайдаланылатын

тауарларды, жұмыстарды және
көрсетілетін қызметтерді сатып
алу қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Қызметкерлердің саны туралы мәліметтер

№ р/с	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Лауазымы	Осы ашық конкурста саптып алынатын жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету саласындағы жұмыс тәжірибесі	Дипломы, куәландыратын құжаттың №	Жеке басын куәландыратын құжаттың №	Еңбек шартының №	Азаматтығы
1	2	3	4	5	6	7	8